



TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//7 МАУСЫМ 2018 ЖЫЛ

ДАМУ БАСТАМАЛАРЫ

ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ – МЕМЛЕКЕТ ҚУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Күн тәртібінде екі басты мәселе – партияны жүйелі жаңғырту және Президенттің бес әлеуметтік бастамасының жүзеге асырылуына қоғамдық бақылау жасауды қамтамасыз ету қарастырылды.

РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Елбасы Саяси кеңестің былтыр қарашала өткен отырысында еліміздегі жаһандық жаңғырудың басты қозғаушы күшінің біріне айналуды тиіс партия қызметін өзектендіру бағытында бірқатар нақты міндеттерді алға қойған еді. Осы ретте Саяси кеңес бюросының желтоқсандағы қаулысымен партияны жаңғыртудың нақты жоспары бекітілген болатын. Онда кадрлармен жұмысты күшейту, партия мүшелерінің санына емес, сапасына көңіл бөлу, жергілікті өкілдік органдарында партияның рөлін арттыру, партиялық жұмыста жана технологияларды қолдану, жастармен белсенді жұмыс жүргізу, аналитикалық зерттеулер мен партиялық білім сапасын арттыру қажеттігі қарастырылды.

– Мақсат – «Нұр Отан» партиясының Қазақстанда жүргізіліп жатқан жаңғыртудың сенімді тірегі және жетекші саяси күш ретіндегі рөлін одан әрі нығайту, – деп атап өтті отырыстың ашылуында сөйлеген сөзінде Елбасы.

Мемлекет басшысы сонымен қатар партияға қазақстандықтардың өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды бағдарламалардың бірі – «Президентің бес әлеуметтік бастамасының»



жүзеге асырылуына қоғамдық бақылау жасауды қамтамасыз ету міндеті жүктелгенін атап өтті.

Президент бүгінде өзін көпбасшы саяси күш қана емес, нақты істердің партиясы ретінде көрсете білген «Нұр Отан» әлемдік даму үдерістерін бүгінгідей жоғары қарқынына сай еліміздің жана сынктерлерге бейімделуі жағдайында мемлекет игілігі жолындағы тиімді жұмысты жалғастыруы қажеттігіне тоқталды.

– Біз жүзеге асыруды жоспарлап отырған жұмыстардың бәрі бәсекеге қабілетті болуымыз үшін қажет. Экономиканың үшінші жаңғыруы, «100 нақты қадам – Ұлт жоспары» біздің тарапымыздан атқарылуға тиіс нәрсенің бәрін толық айқындап берді, – делі Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын және партияның цифрландыру саласындағы жобаларын орындаудың маңыздылығына назар ау-



ларды. Қазақстанның алдында елуінші жылға қарай дамыған 30 елдің қатарына қосылу міндеті тұрғанын, жылдам өзгерістер үстіндегі әлем дамуы бізді күтіп тұрмайтындығын еске салды. Еліміздің табысты дамуына ықпал етер факторлар туралы айта келіп, Елбасы тағуа өткен Астана экономикалық форумының қорытындысы бойынша шығарылған шешімдер жөнінде өңімделді.

– Жаһандық дамудан қалып қоймау үшін басқарудың сапалы болуы талап етіледі. Бұл – мемлекеттік қызметті жетілдіру деген сөз. Біз мемлекеттік қызметке қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету және меритократия қағидатын ілгерілету мәселелерін шештік. Бұл қаламның орындалуын партия қалағалауы керек, – делі Нұрсұлтан Назарбаев.

Бет қатталып жатқанда

► Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысының өкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы Жарлыққа қол қойды, деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.

► Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Шетелдік инвесторлар кеңесінің 31-ші пленарлық отырысына қатысты. Яһиында цифрлық трансформация, жаңа технологияларды қолдану және экономиканың одан әрі дамуы жөніндегі мәселелер талқыланды.

► Мемлекет басшысы Шетелдік инвесторлар кеңесінің пленарлық отырысы аясында Еуропа қайта құру және даму банкінің президенті Сума Чакрабартимен, сондай-ақ «Royal Dutch Shell» концернінің бас атқарушы директоры Бен ван Берденмен кездесті. Тараптар өзара ынтymақстықты кеңейту және стратегиялық әріптестікті дамыту жөніндегі өзекті мәселелерді талқылады.

► Оңтүстік Қазақстан облысының өкімі Яһансейіт Түйебаев Шымкент қаласының 1 миллионыншы тұрғыны дүниеге келген Еламановтар отбасын құттықтап, жас отбасыға 2 бөлмелі пәтердің кілтін табыс етті.

► Маңғыстау облысында қоғамдық қоліктерде жолақы құны көтерілді. 13 бағат бойынша жүрген маршрут тарифі 10 теңгеден 150 теңге аралығында өсті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

► Білім және ғылым министрлігі 2018-2019 оқу жылына арналған білім беру гранттарының мамандықтар бойынша тізімін жариялады.

> [3]

Индекстері		
KASE	2465	0.04% ↑
FTSE 100	7704.2	-0.48% ↓
MSCI World	2121.9	0.00%
S&P 500	2746.9	0.00%
Dow Jones	24813.7	0.00%
Russel 2000	1653	0.00%
Russel 3000	1635	0.00%

Тауарлар		
Мұнай	74.3	-1.29% ↓
Мыс	6978.8	0.00%
Қорғасын	2507.5	0.00%
Мырыш	3146	0.00%
Никель	15428.5	0.00%
Алюминий	2327	0.00%
Уран	23.5	0.00%

Валюта нарықтары		
USDKZT	331.45	0.12% ↑
EURKZT	387.76	0.09% ↑
USD RUB	62.142	0.12% ↑
USD UAN	26.16	0.09% ↑
USD BYR	20078	0.06% ↑
EUR USD	1.1695	-0.03% ↓
GBP USD	1.3386	0.55% ↑

БҮКІЛӘЛЕМДІК БАНК



Бүкіләлемдік банк (ББ) баяндамасының көктемгі шығарылымы еліміз мен ортаға мерзімді келешектегі дамуын қарастырды.

МҰНАЙ САЛАСЫНЫҢ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛУІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ЖАҚСАРУЫНА ӘКЕЛГЕН

2015-2016 жылдары ЖІӨ өсуінің қарқыны жылына орта есеппен 1 пайыздан сал асып, 2017 жылы 4 пайызға жуыққа дейін жеделдеген; мұндай серпін 2018 жылдың бірінші тоқсанында да сақталып, шамамен 4,1 пайызға өскен.

Экономикалық көрсеткіштердің нығаюы, негізінен алғанда, ОПЕК-тің мұнай өндіруді қысқарту жөніндегі жоспарларына еңбегіне, мұнайлы кен орындарындағы өндірістің артуына байланысты жүзеге асқан. Саудадағы қолайлы жағдайлардың орны-

Қазақстанға экономиканы шұғыл түрлендіру қажет

ғуымен қоса, бұл мұнай емес салалардағы – өңдеуші өнеркәсіп пен қызмет көрсету секторындағы жайлы тиімділікке қол жеткізді.

Сұранысқа келер болсақ, таза экспорттың артуы ЖІӨ өсуі қарқыны жеделдеуінің басты ықпалына айналды. Бұл ағымдағы операциялар мен Ұлттық қорға түсімінң түптенгірі жақсаруына әсер етті. Нәтижесінде теңгенің нақты бағамы нығаюын одан әрі жалғастырды. Әйтсе де, ішкі сұраныс әлсіреп, инфляция деңгейінің төмендеуіне әкеліп соқты.

МҰНАЙ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАЙЛЫ СЕРПІН МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕЛЕШЕККЕ ҮМІТ АРТТЫРАДЫ, БІРАҚ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ӨСІМ МОДЕЛІНІҢ КАТЕРІ САҚТАЛУДА

Бүкіләлемдік банктың 2018 жылға арналған ЖІӨ-нің нақты өсімі бойынша болжамы 2,6 пайыздан (ББ баяндамасының

2017 жылдың өткен күзгі шығарылымындағы), мұнай өндірудің бағалары мен көлемі бойынша болжамдарын жақсаруына байланысты, 3,7 пайызға дейін қайта қаралды.

Орташа мерзімді келешекте, мұнай саласының 2017-2018 жылдардағы (мұнай өндіріле құрылымдық ілгерілету орын алған) мерзімге қатысты экономикалық өсімі қысқарту салдарынан, ЖІӨ нақты өсімі 3 пайыз аумағында тұрақсызданды.

Мұнайға болжамдық бағалардың 2018-2020 жж. бір барреліне 65 АҚШ долл. болатынын ескере келет, ағымдағы операциялардың шот теңгерімі, 2015-2017 жж. байқалған дефициттен, 2018-2020 жж. профицитке жақсаруы тиіс.

Бюджеттің жағдайы салықтық-бюджеттік саладағы шоғырландыру бойынша күш-жігердің аясында біріден жақсара түседі.

> [4]

МӘНГІЛІК ЕЛ



Ұрпақ биіктерге қарап бой түзейді

Ақтөбеде «Бақытты бала» жобасы жан-жақты жүзеге асуда

Қоғамның жас мүшелеріне тағымалы, қамқор қозқарас – баянды болашақтың негізін қалаудағы басым шарт екендігі сөзсіз. Кемел келешек алдындағы осы жауапкершіліктің шынайы үлгісі ретінде балалардың жан-жақты дамуына барлық жағдайды жасап жатқан Ақтөбе өңірінің іс-жобалары айрықша атап өтуге тұрарлық.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған балалар мен жасөспірімдердің орындау шығармашылығын қолдау және дамыту мақсатында рухани, адамгершілік, эстетикалық тәрбие факторын паш еткен балалар мен жастардың музыкалық оркестрі және ансамблінің шеруінде облыс өкімі Бердібек Сапарбаев аймақта бастау алған «Бақытты бала» ақшасы балалардың барлық мәселелерін шешуге үлес қосуға бағытталғанын атап өтті.

> [8]



БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

▶ Ақорда

Тапсырмалар ойдағыдай орындалуда

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Манғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжановты қабылдады.

Кездесуде Елбасына өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және Каспий маны мемлекеттері басшыларының саммитіне дайындық барысы жөнінде есеп берілді.

Қазақстан Президенті саммитті өткізуге тығызлықта дайындалу қажеттігін айтты. — Ақтауда бес елдің делегаттары қатысатын Каспий маны мемлекеттері басшыларының саммитін өткізу жоспарлануда. Осы кездесуге қатысты барлық ұйымдастыру мәселелерін пысықтау керек, — деді



Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар Ералы Тоғжанов өңірі, құрылыс, ауыл шаруашылығы және инвестиция тарту салаларындағы мемлекеттік және салалық бағдарламалардың жүзеге асырылуына қатысты барлық мәселелерін пысықтау керек, — деді

байқалып отыр. Сіздің қойған міндеттеріңіздің бәрі іске асырылуда. 2017 жылдың қорытындысы бойынша өңірдегі өндірістің көлемі 100,1 пайызға жетті, — деді Манғыстау облысының әкімі. Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

▶ Бюджет

Мемлекеттің әр тиыны тиімді жұмсалуды керек



Мәжіліс спикері Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен өткен жалпы отырыста Үкіметтің және Есеп комитетінің 2017 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері қаралды.

Мәжіліс төрағасы атап өткендей, талқылау бары-

сында депутаттар Елбасының бюджет қаржыларын жоспарлы жұмсауға байланысты тапсырмасын басшылыққа алды. Жалпы отырыс барысында есепті талқылау бірнеше сағатқа созылды. Осы ретте өткен жылғы бюджеттің атқарылуының жетістіктері мен кемшіліктері жан-

жақты айтылды. Мәселен, 2017 жылы республикалық бюджеттің кіріс бөлігі 9 691,8 млрд теңгені құраған. Ал қаражаттың тиімсіз жұмсалудың 2016 жылмен салыстырғанда екі есеге артқан.

— Елбасы айтқандай, «мемлекеттің ақшасы — ол халықтың ақшасы». Сондықтан оның әрбір тиыны нәтижелі және тиімді жұмсалуды керек. Бұл біздің жұмысымыздың ең негізгі бағыттарының бірі. Осы жолда атқарылып жатқан жұмыстар өте көп. Дегенмен кемшіліктер әлі бар. Алдағы жұмыста Үкімет те, Есеп комитеті де осы ұсыныстарды ескеруі қажет деп есептейміз, — деді Н.Нығматулин.

▶ Ынтымақтастық

Словения серіктестікке әзір

Парламент Сенаты Халықаралық қатынастар, қорғамас және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Дарига Назарбаева Словения Сыртқы істер министрінің мемлекеттік хатшысы Иштвк Миропичпен кездесті.

И.Мироич Астанада аяқталған Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның қорытындылары, білім беру, кибер қауіпсіздік және басқа салалар бойынша қол жеткен келісімдер туралы әңгімеледі.

— Біз бұдан былайғы нәтижелі ынтымақтастық үшін берік құқықтық негіздерді

қалыптастырғымыз келеді, — деді ол.

Словения СІМ мемлекеттік хатшысы өз еліндегі ішкі саяси және экономикалық жағдай туралы сенаторды хабарлар етіп, биыл Словенияның экономикалық өсімі 5 пайызды құрағанын атап өтті. Бұл көрсеткіш бойынша ол ел Еуропалық одақта екінші орын алады екен. Словения инновация, телекоммуникация, ақпарат салалары мен блокчейн технология негізіндегі ұзақ стартап жөніндегі тәжірибелерімен бөлісуге әзір.

Д.Назарбаева Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына байланысты

жана мүмкіндіктер туралы айта келіп, словениялық әріптестерге Қазақстанда ЕАЭО нарықтары мен Орталық Азия және Қытайға шығатын жоғары технологиялық бірлескен кәсіпорындар құруды ұсынды. Сондай-ақ ол парламентаралық ұнақтасуды нығайту қажеттігін атап өтіп, словениялық әріптестерді Қазақстанға сапарлап келуге шақырды.

Тараптар туристік саладағы ынтымақтастықпен келесіге де талқылады. Словения азаматтары үшін «Silk visa» енгізілуіне байланысты Орталық Азияда жаңа туристік бағдарлар ашылатын болады.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

БАУЫРЖАН МҰХАМЕТЖАНОВ

+ Қазақстан Республикасының Грузиядағы Төтенше және өкілетті елшісі болып тағайындалды

ДИНАРА ЩЕГЛОВА

+ ҚР ақпарат және коммуникациялар вице-министрі болып тағайындалды

РУСЛАН ЕҢСЕБАЕВ

+ ҚР қаржы вице-министрі болып тағайындалды

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ

+ ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды

▶ ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Премьер-министр Бакытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында сөйлеп «жасыл» экономикаға көшуге жөніндегі тұжырымдамасын іске асыру барысы қаралды. Сондай-ақ электрондық коммерцияны дамыту, Қазақстанның VII азаматтық форумның ұсыныстарына іске асыру мәселелеріне ден қойылды.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Отырыста жоспардағы күн тәртібінен тыс денсаулық сақтау министрі Е.Біртанов елде менингококк инфекциясының таралуына байланысты орын алған жағдайды баяндап, аухалдың мән-жайына түсінді берді.

Сала министрінің есебін тыңдай келе, Премьер-министр Б.Сағынтаев бұл ретте назар аударылуы тиіс бірқатар өзекті мәселелерді атап, нақты тапсырмалар берді. Үкімет басшысы халық арасында үрей тудыру үшін менингококк инфекциясының жағдайына қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандырды тапсырды. Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігі мен өкілдер орталықта және жергілікті жерлерде құрылған штабтардың жұмыстарының толық ашықтығын қамтамасыз етуі, өңірлерде вакцина бағаларын реттеу мәселелерін тез арада шешуі тиіс. Бұдан өзге, менингококк инфекциясының күдігімен жүгінген барлық науқастарға шұғыл медициналық қызмет көрсетуі және оларды аумақтық тіркелуіне қарамстан жақын емханаларда қабылдау, мұндай мәселелерді желел шешіп, өкілдермен тиісті жұмыс жүргізуді тапсырды.

Бұдан кейін күн тәртібіне қойылған тақырыптардың бірі — 2014-2017 жылдарға арналған Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшуге жөніндегі тұжырымдаманы жүзеге асырудың негізгі қорытындылары жөнінде энергетика министрі К.Бозымбаев баяндады.

Министр келтірген мәліметтерге сәйкес, өткен жылы елімізде шамамен 1,1 млрд кВт/сағат «жасыл» энергия өндірілген. Ал биыл қуаттылығы шамамен 138 МВт жанартылатын энергия көздерін қосу жоспарлануда. Қазіргі таңда елімізде жалпы қуаттылығы 352 МВт ЖЭК пайдаланып 58 нысан жұмыс істейді. Сондай-ақ жыл аяғына дейін ЖЭК жалпы қуаттылығын 490 МВт-қа дейін жеткізу көзделген.

Электр энергетикасын дамыту оны жасыландыру тұрғысынан жанартылатын энергия көздерін дамытуға, энергетика саласындағы көмірқышқыл газының шығарындарын төмендетуге және елімізде газландыруға негізделген. Осы бағытта министрлік келешекте ЖЭК құнын төмендетуді аукциондық ме-

ханизм енгізумен байланыстыруда. Сол арқылы инвесторлар мен жобаларды іріктеу процесінде ашықтығы қамтамасыз етіліп, жанартылатын энергия көздері қуаттылығын енгізуде соңғы тұтынушыларға тарифтердің әсерін азайтатын тиімді технологиялар мен жобаларға басымдық беріледі. Сонымен қатар қалдықтарды басқару саласында кайталама шикізат, қалдықтарды бөлек жинау, қайта өңдеу және көлеге жарату талаптары анықтау бойынша нормативтік құқықтық база құрылған. Қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жүісінің тиімділігін арттыру үшін

ке өсіп, аталған салада 71,6 мың адам жұмысқа орналасқан.

Ақпарат және коммуникациялар министрі Д.Абаев заманауи телекоммуникациялық инфрақұрылымды құру нәтижесінде елде интернетті пайдаланушылар саны 2017 жылы 78,8%-ке жеткендігін мәлімдеді.

Премьер-министр электрондық коммерция «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының басым міндеттерінің бірі ретінде анықталғандығына тоқталып, еліміздің транзиттік әлеуетін пайдаланумен бұл саланы дамытуға үмтылып жүрген өкілдерге қолдау көрсету қажеттігін айтты.

Жұмыс деңгейі нәтижеден байқалады



Астана мен Алматы қалаларында жобалар іске асырылып жатыр.

Су ресурстарын орнықты пайдалану, жоғары өнімді ауыл шаруашылығы және экожүйелерді сақтау жайында ауыл шаруашылығы вице-министрі Е.Нысанбаев, Қазақстанда «жасыл» экономикаға көшуге бойынша қоғамдық ұйымдардың атқарып жатқан жұмыстары туралы «Жасыл экономика және G-Global-ды дамыту коалициясы» қауымастығының басшысы С.Рахымбекова айтып берді.


Жиында қаралған келесі тақырып — электрондық коммерцияны дамыту мәселелері жайында ұлттық экономика министрі Т.Сұлaimенов, ақпарат және коммуникациялар министрі Д.Абаев баяндады.

Ресми статистика бойынша, өткен жылы елдегі электрондық сауда нарығының көлемі 106,9 млрд теңгені құраған. «Казшопа» АҚ желі деректері бойынша, биылдың 5 айындағы электрондық сауда нарығының көлемі 101 млрд теңгені немесе бөлшек тауар айналымының жалпы көлемінің 2,9%-ін құрады. Жыл басынан бері 110 жаңа электрондық сауда субъектілері тіркелген. Нарықта 1658 интернет-дүкен жұмыс жасауда. Сондай-ақ сатып алушылар саны 5%-

Отырыста Қазақстанның VII азаматтық форумның ұсыныстарының іске асыру туралы тіл істері және азаматтық қоғам министрі Д.Қалетбаев баяндады. Ол ұсынғандары жүзеге асыру мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс көлемін екі еселеп аса, гранттық қаржыландыруды шамамен бес есеге, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүзеге асыратын өңірлік мемлекеттік органдардың санын бір жарым есеге артыруға жол ашқанын атап өтті. Сондай-ақ әлеуметтік жобаларға бизнестің қатысуын кенейту мақсатында АСАР ұжымның ынтымақтастық платформасы құрылды. Бұдан өзге, қалыптастыру, бағалау және стандарттаудың жаңа тетіктерін енгізу арқылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерінің сапасын арттыру бойынша бірқатар жүйелі іс-шараларды жүзеге асыру ұсынылды.

Үкімет басшысы министрлік форумның ұсыныстарының орындалу тетіктерін мен өңірлердің өкілдеріне Қазақстанның VII азаматтық форумның ұйымдастыру мен өткізуге қатысты мәселелерді сапалы шешу және белсенді түрде қатысу бойынша шаралар қабылдауды тапсырды.

▶ УАҚЫТ АҒЫМЫНДАҒЫ БІР СӘТ: БАС ҚАЛАНЫҢ КЕШЕГІСІ ЖӘНЕ БҮГІНГІСІ



Жоғарғы суретте:

Қазіргі Астана қаласындағы «Ақ сұңқар» қонақ үйі

Төменгі суретте:

Целиноград (қазіргі Астана) қаласындағы «Октябрь» кинотеатры, 1960 жыл.



БИЗНЕС&БИЛІК

ДАМУ БАСТАМАЛАРЫ

Елдің әлеуметтік жағдайы – мемлекет қуаттылығының көрінісі

> [1]

Сонымен қатар Мемлекет басшысы инвестиция тарту және бәсеке қабілетті елді қалыптастыру қажеттігін атап өтті.

– Инвестициялар заң үстемдігі қамтамасыз етілген, келісім-шарттары сақталатын, білімді мемлекеттік қызметшілер жұмыс істейтін елге ғана келеді. Ал, қазіргі жағдайда бәсекеге қабілеттілік – цифрландыруды дамыту, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жүргізу ісінде цифрландырудың тиімді екенін айтты.

Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенін дамыту, өнімділіктің өсімін қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы экспортты арттыру мәселелеріне тоқталды. Ауыл шаруашылығы – отандық экономиканың серпінді дамуындағы үлесі зор саланың бірі. Қазақстанның мыңғыртып мал, дән сеуіп, астық өсіруге қолайлы түгін тартқан май шығатын кең жазира даласы бар. Өнім өткізетін орасан нарықтар – көршілес Қытай, Ресеймен қатар, Парсы шығанағы елдеріне де шұғы жолдары қарастырылған. Алайда қолда бар осындай мүмкіндіктер әлі де толық пайдаланылмай отыр. Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі төмен, экспорт көлемі де ойындай болмай тұр. Мемлекет басшысы осы тұрғыда агроөнеркәсіп кешенін дамыту баса маңыз берілуі, саладағы өнімділікті арттыру үшін озық технологияларды пайдалану қажеттігін атап өтті.

Елбасы сөзінің сонында жаңа жол-барыс тиімді жүзеге асырудың және Үкімет пен «Нұр Отан» партиясының алдына қойылған міндеттердің маңыздылығын тоқталды.

– Ел ішінде қолайлы әлеуметтік жағдай болғанда ғана мемлекет табысты жұмыс істейді. Бұл – Үкіметтің басты міндеті. Мемлекет тарапынан атқарылып жатқан жұмыстың бәрі халыққа арналған, – деп түйіндеді Нұрсұлтан Назарбаев.

«Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев партияның жүйелі жаңғырту, цифрландыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып берді. Партияның ұйымдық құрылымы және кадрлармен жұмыс жетілдірілуі, жаңа партиялық білім жүйесі қалыптасуда. Жалпыұлттық маңызды мәселелерді талқылауға арналған NurOtanTrends, NurOtanTalks пікір-сайас алаңдары құрылып, партияның идеологиялық күнтізбесі жарияланды. Партияның елдегі барлық конструктивті қоғамдық-саяси күштері Президент саясаты төңірегінде біріктіретін жасампаздық күш ретінде ролін қушейтеу мақсатында жұмыс жүргізілуде. Президенттің бес әлеуметтік бастамасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі тауау қиынған қоғамдық кеңес пен Үкіметтік және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес осы бағытта жұмыс істейтін болады.

Мәулен Әшімбаев Партия төрағасының тапсырмасына сәйкес, ұйымды жаңғырту және идеологиялық күнтізбесін іске асыру бағытында 22 жаңа жоба жасалғанын атап өтті. Осы ретте еліміздің бәсекеқабілеттілігін арттыруда маңызды рөл атқаратын цифрландыруға баса назар аударылып отыр.

Цифрландыру тақырыбын одан әрі премьер-министрдің орынбасары Асқар Жұмағалиев жалғастырды. Партияның «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын қолдағандығы қосымша демеу болып отырғанын атап өткен вице-премьер-министр: «IT-мамандарды даярлау жөніндегі бастама «Нұр Отан» тарапынан дер кезінде қолға алынғандығын атап өткім келеді. Бұл шаралар «Цифрлық Қазақстан» үшін адам капиталында даярлау тапсырмасымен жақсы үйлесіп отыр. Бұл бағыттағы шараларға барлық жергілікті атқарушы органдар жұмылдырылған. Биыл әкімдіктермен бірлесіп отырып, 500 мыңға жуық адамды оқытамыз», – деді.

Осы ретте Мемлекет басшысы бүкіл елімізді цифрландыру идеясына жұмылдыру қажеттігін атап өтті: «Осы бағыттағы шараларды іске асыру үшін



бірілесіп жұмыс істейтін боламыз. Біз барша Қазақстанды бұл идеяға назар аудартуымыз керек. Бұл бекерге айтылып тұрған жоқ, іске асыратын мезгіл жетті», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы Асқар Жұмағалиевке саланы ігерілетуге, жобаларды әзірлеуге қабілетті адамдарды анықтап, іріктеуге назар аудару қажеттігін тапсырды. Мемлекет басшысы ел экономикасының тұрақты дамуы – бизнестің кәсіпін өріс алуына байланысты екенін атап өтті. Сондықтан кәсіпкерлік мемлекеттік қолдау, барынша қолайлы іскерлік ахуал қалыптастыру – аса маңызды басымдықтардың бірі. Осы орайда желдел даму үстіндегі қазіргі заманда қазақстандықтар уақыт талабынан қалмай, жаңа салаларды игеруі, өмір ағымына ілесіп, кәсіпкерлік белсенділік, сергектік таңытуы, сұранысқа ие мамандықтарды меңгеріп, өз болашағына жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Бұл үшін барлық жағдай жасалған: алғашқы жұмысшы мамандығын тегін алуға болады, кәсіпкерлік негіздерін оқыту, қайта даярлау мен біліктілікті арттыру бағдарламалары мемлекет есебінен жүзеге асырылады, өз ісін бастағысы немесе кәсібін кеңейткісі келетіндер үшін шағын несие жүйесі бар. «Ішкі жалпы өнімнің жартысын іскер адамдар өкелісін деп отырмыз. Осы көрсеткішке жетсек, мемлекет тұрақты болады. Өлемдегі төртінші экономика саналатын Германияның ішкі жалпы өнімінің 90 пайызын шағын және орта бизнес береді. АҚШ-та бұл көрсеткіш – 70-80 пайыз. Сарптауларға қарағанда, бізде шағын және орта бизнестің ауқымы соңғы 2 жылда төмендеп кеткен. Мұнайдың, темірдің, көмірдің бағасы төмендегені, оннан бизнеске қандай қатысы бар? Орта және шағын кәсіпкерлік – бұл іркемі жүйе. Кәсіпкер бір шаруасы болмай жатса, келесісіне ауысады», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Бүгінгі өзекті мәселенің бірі – білікті мамандардың жетіспеушілігі. «Егер сен кіріпші қалай алмасан, құрылымды дамыта алмайсың», – деді Мәулен Әшімбаев. Мәселе жұмыссыздықта өтпес – мамандықты жоқтығында. Бұл түйткілді шешу мақсатында талай нәрсе жасадық. Ең бірінші, арнаулы қосым мамамандықтарға жұмыс береміз дедік. Оның қалай жүріп жатқанын «Нұр Отан» партиясы жергілікті жерлерде бақылауда ұстауы керек», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Дипломмен ауылға» бағдарламасын жалғастырудың маңыздылығына тоқталды. «Қоғамда урбанизация жүріп жатыр. Бұл бүкіл әлемде бар үдеріс. Ауылдан қалаға көшу бар, оны тоқтата алмайсың. Дегенмен, егер жас азаматқа мамандық беріп, туған ауылына бекітіп, қолдау көрсетіп, көңіл бөлетін болсақ, ол ауылда қалып, жұмыс істейтін болады. Өз еңбегімен туған ауылының көркеюіне үлес қосып жүргеніңіз сөзіңіз – жас мамандық қанаттарыңды түспей ме!» – деді Елбасы.

Алдымызда тұрған үлкен істерге қарағанда шағын болып көрінгенмен, маңызды салмақты осынау мәселе партияның тұрақты назарында болуы тиіс деп келіп, Елбасы жастардың

ауылда еңбек етуіне жағдай жасауда «Нұр Отан» жан-жақты жұмыстар жүргізуі қажеттігін баса айтты.

Отырстың күн тәртібінде қаралған маңызды мәселенің бірі – Президенттің бес әлеуметтік бастамасының жүзеге асыруға бағытталған қаражаттың әрбір тиыны максатты және тиімді жұмсалуды қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету. Мемлекет басшысы осынау аса ауқымды әлеуметтік бағдарламаның дер кезінде қолға алынғанын, оны іске асыруға қомақты қаражат жұмсалатынын, бірақ мемлекет бұл қадамға баруы тиістігін атап өтті.

Халықтың кемел келешекке деген сенімін нығайтқан, ел ішінде үлкен қолдау тапқан Елбасының бес әлеуметтік бастамасы жарияланғанын бірі үш ай өтті. Үкімет бағдарламаны жүзеге асырудың жол картасын әзірлеп, бекітіп, оның заңдық негізі жасалды. Бес әлеуметтік бастаманың әрбір бағыты бойынша атқарылған шаралар туралы үкімет бастамасының орынбасары Ерболат Досаев баяндап берді. «Бастаманың алғашқы бағыты аясында жаңа «7-20-25» бағдарламасы бойынша банктер ағалары ішкі аянынан кредиттер бере бастады. Бүгінде несие беру шарттары, қарыздың шекті көлемі және басқа да мәселелер айқындалды», – деді ол.

Осы жерде Елбасы бұл бағдарлама дәл қазіргі кезеңде баспана алудың жалғыз мүмкіндігі болып отырған пәтерсіз жүргендерге арналғандығын, бұл іске алыпсатарлардың араласуына жол бермеу қажеттігін атап өтті. «Біз пәтерлерді баспанасы жоқ жастар алғанын қалаймыз. Сондықтан да осы бағыттағы жұмыстар кімге және не үшін жасалып жатқанын барша қоғамға түсіндіру қажет. Тиісті есептеулер жасалды, отбасының екі мүшесі жұмыс істеген кезде ешқандай проблема жоқ. Ипотекалық несие 7 пайыздан аспайды», – деді.

Елбасы баспананың қолжетімділігі туралы айта келіп, мемлекет пәтерлерді тегін таратпайтынын, бұл нарықтық экономикадағы кез келген ел үшін мүмкін еместігін атап өтті. Бірақ азаматтардың өз күші мен қаражатына сүйеніп, баспаналы болуы үшін барлық мүмкіндіктер жасалуда. Осы ретте «7-20-25» бағдарламасы әрбір отбасының баспана алуына мол мүмкіндіктер береді. Осыған дейін тұрғын үй бағдарламалары бойынша бастапқы жарна баспана құнының 50 пайызы көлемінде болса, «7-20-25» бағдарламасында бұл тек 20 пайыз болып белгіленді. Сонымен қатар бұған дейін несие беру мерзімі ең көп дегенде 10 жыл болса, жаңа бағдарламада 25 жылға созылып отыр. «Барлық партия мүшелері, өкімдер бағдарлама аясында тиісті шараларды бақылауға алып, қажетті жұмыстарды лайықты деңгейде іске асыруы тиіс. Яғни бәріне кіме қажет болса, сол алуы тиіс. Сөйесіңізше, адамдар осы үдеріске қосылып, жұмыстарын бастауы керек», – деп атап өтті Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы тұрғын үй бағдарламасын іске асыру құрылыс саласындағы қарқынды арттыратынын, бұл бизнестің даму мүмкіндігін кеңейтіп, халық шаруашылығының барлық саласына қуатты серпін беретінін айтты.

Осы ретте Президент студенттер үшін 75 мың орынға арналған жатақхана нысандарын салу бағытына ерекше екіні қойды. Бұл елордаға білім алуға келген студенттердің әлеуметтік жағдайын көргеннен кейін келген ой екенін айта келіп, Елбасы: «Ешқандай тұрмыстық жағдай жасалмаған жерде студент қалай сапалы білім алады? Мұнда ғана емес, сонымен қатар өзге қалаларда да студент-жастардың білім алуы үшін қолайлы жағдайлар жасалуы тиіс. Бұл – біздің жастарымыз үшін үлкен игілік», – деді.

Нұрсұлтан Назарбаев барлық мемлекеттік органдардың басшыларын бес әлеуметтік бастаманы орындауға айрықша мән беруге шақырды. Осынау маңызды бастамалардың іске асырылуын бақылау «Нұр Отан» партиясына тапсырылған болатын. Осыған орай таудауа қоғамдық кеңес құрылып, өз жұмысын бастады. Бұл тұрғыда жасалып жатқан жұмыстар туралы «Нұр Отан» партиясының мұрындық болуымен Президенттің бес әлеуметтік бастамасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы болып тағайындалған сенатор Бақытжан Жұмағұлов айтып берді. «Бізе жүктелген мақсат-міндеттер – айқын да анық. Ең басты міндетіміз – бастамаларды тиімді жүзеге асыру үшін партияның және қоғамның белсенді күштерін жұмылдырып, мемлекеттік органдарға жан-жақты көмек көрсету. Осы ретте Қоғамдық кеңеске ауқымды міндеттер жүктеліп отыр», – деді Бақытжан Жұмағұлов.

Біріншіден, Бес әлеуметтік бастаманың жүзеге асыруа қоғамдық мониторинг және бақылау жасау, үйлестіру. Екіншіден, әлеуметтік бастамалардың жүзеге асырылуы туралы ақпаратты халыққа дер кезінде жеткізу. Үшіншіден, бастамаларды жүзеге асыру кезіндегі мәселелерді анықтау және оларды шешу жөнінде ұсыныстар даярлап, мемлекеттік органдарға олардың сапалы орындалуына атсалысу. «Үкімет бекіткен Жол картасы біздің осы бағыттағы жұмыстарымыздың негізі болып табылды. Бес бағыт бойынша кеңестің жұмыс топтары және өңірлік кеңестер құрылды. Мемлекеттік органдар және жетекші саяси партиялармен, Қазақстан халқы ассамблеясы, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы, Кәсіпкерлік федерациясы, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеудің тұрақты тетігі қарастырылды. Сенат пен Мәжілістің депутаттық корпусы бастамаларды тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін заңнамалардың дайындалуына және қабылданыуына жүйелі қолдау көрсетіп келеді. 4 мамыр күні өткен қоғамдық кеңестің алғашқы отырысында және одан кейін де жұмыс топтары бойынша атқарылатын шаралар кеңінен талқыланды. Оған барлық жауапты министрліктер мен Ұлттық басқару органдарының қатысуы», – деді қоғамдық кеңестің төрағасы.

Жыныды қорытындылай келіп, Мемлекет басшысы қазақстандықтардың өмір сапасын арттыруға бағытталған осынау әлеуметтік бастамалардың толығымен іске асырылуы – «Нұр Отан» партиясы мен барлық өкімдерге жүктелген маңызды міндет екенін тағы бір нақтылады.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



Қытайдан Орталық Азияға поезд қатынайды

Қытайдың орталық бөлігінде бес орталық-азиялық елдерге тікелей тауар жеткізетін теміржол қатынасы іске қосылды, деп хабарлайды қытайлық халықаралық жаңалықтар телеарнасы CGTN.

Тауар поезы аптасына бір рет жүреді. Хэнань провинциясындағы Синьсян қалалық округіне шыққан ол Тайюань, Иньчунь, Чжунвэй, Увэй және Үрімші қалаларын басып өтеді. Сосын «Алашанқай» бақылау-өткізу пунктін арқылы Қазақстан шекарасын «Достық» БӨП-мен Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түркіменстанға жол тартады. Поезд 43 вагонды жетіп, жылдық көлемі 150-200 мың тонна құрайтын жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді деп күтілуде.



Жастарымыздың Gaku арнасы YouTube-те танылды

Отандық теледесіс Gaku арнасы – миллион аса жазылушысы бар, күніне 1,5 млн-ға жуық көрсетілім тарататын контент. Gaku телеарнасының осы жетістіктері халықаралық марапатқа – YouTube-тің алтын түймешігіне не болды, деп хабарлайды әлемдік брендтің <https://www.youtube.com> сайтынан.

YouTube-тің (АҚШ) ресми кеңесінен жеткізілген марапаттың ресми тапсырылу Алматыдағы Smart Point коворкинг шарасының аясында жүзеге асты.

Бұл – тек бізді ғана емес, бүкіл еліміздің, барша жастарымыздың жетістігі, өйткені біздің контентіміз жастарға арналған, оны қазақстандық өрендеріміз қарайды және оларға ұнайды. Бұлар – біздің өртістеріміз, өз жүргізушілеріміз. Бәріміз біргеміз, – деді марапаттау салтанаты барысында Gaku және Той Думан телеарналарының бас продюсері Тимур Балымбетов.



Аралды қорғауға арналады

Осы аптада Ташкенде «Арал апатының салдарын жұмсарту жөніндегі бірлескен қимылдар: жаңа тәсілдермен, инновациялық шешімдер, инвестициялар» деген тақырыпта конференция өтеді, деп хабарлайды <http://knews.kg> сайтынан.



Бұл халықаралық конференцияның мақсаты – Халықаралық Аралды құтқару қоры аясында Арал теңізі алабындағы елдердің қимылдына іс жүзіндегі бағыт беріп, Арал өңірі мәселелерін үйлестіруді, арал апатының салдарын жұмсарту жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруға талдау жасау және бағасын беру. Бұл өз кезегінде Арал өңірінң экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартатын, сондай-ақ оларды іске асыруға инвестициялар тартуға ықпал етеді деп күтілуде.

Батыр РАХМЕТҮЛЛИН

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ АХҚО

КЕДЕРПІСІЗ БИЗНЕС ЖҮРГІЗУ МҮМКІНДІГІ

Был шілде айында «Астана» халықаралық қаржы орталығында арнайы платформа іске қосылды.

SAP Fomh Astana 2018 аясындағы әңгіме барысында АХҚО ақпараттық технологиялар департаментінің директоры А.Лапынин атап өткендей, онда шетелдік инвесторлар бюрократиялық кедергілерсіз бизнес жүргізуге мүмкіндік алады. «Бизнес жүргізуді цифрландырудың озық тәжірибесіне негізделген және инвесторларға қағаз істерге алаңдамауына мүмкіндік беретін «надлік бюрократия» сайты был жылдың IV тоқсанында іске қосылды. Кәсіпкер немесе инвестор АХҚО-ға келгендегі басты мақсатымен айналысады: компания құру, лицензия алу, салық органдарына есеп беру және т.б. Мұның бәрі оған байқалмайды. Инвестор үшін бұл қолжетімді және түсінікті қызметтері бар қарапайым сайт болмақ. Ал «сахна сыртында» – толық экожүйе», – делі ол.

АХҚО Chief Digital Officer Әсел Жанасова АХҚО-да бұдан бөлек Арбитраж орталығы, Сот, қаржы реттеуші қызметтері цифрландыру жобалары жүзеге асырылып жатқандығын атап өтті. Сондай-ақ АХҚО-да компанияда сатып алу үдерісін толықтай автоматтандыратын SAP Alpa жүйесін енгізу жұмыстары қолға алынған.

▶ ЭКСПО

ПӨТЕРЛЕР САТУҒА ШЫҒАРЫЛДЫ

«ЭКСПО-2017» көрмесі тұрғын үй орымындағы пәтер құны анықталды.

«Бөйтерек девелопмент» АҚ «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі аумағында орналасқан тұрғын үй кешесіндегі пәтерлер мен көлік тұрағы орындарының құнын тәуелсіз консалтинг компаниясының көмегімен анықтады. Атап айтқанда, тұрғын үй кешесіндегі шаршы метрі өлкізү құны 399 900 теңгені, бір көлік тұрағы орнының құны 699 000 теңгені құрайды. «Бөйтерек девелопмент» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Асқарбек Әсербаев бұл нысан орыналасқан жерінің тиімділігін, қабатыры азылғымен, пәтерлердің эргономиялық жоспарлануымен ерекшеленетінін атап өтті. Тұрғын үй орымының ішкі аумағы оқшауланған және тұрғындар үшін жайлы болады. Компания 1 маусымнан бастап кезінде «ЭКСПО-2017» көрмесінің қатысушылары мен қонақтарының тұруына арналған бір, екі, үш және төрт бөлмелі пәтерлерді сатуға шығарды. А.Әсербаевтың айтуынша, әлеуетті сатып алушыларға қойылған жалғыз талап: жеке тұрғандар үшін – төлем қабілеттілігі және Қазақстан Республикасының азаматы болуы қажет, ал заңды тұрғандар үшін – Қазақстан аумағында тіркелуі және қызметін жүзеге асыруы шарт. Көрме кешені аумағында пәтерді қолма-қол ақшасыз төлеу арқылы өз қаражаты есебінен немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы ипотекаға, сондай-ақ «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ қаржы есебінен сатып алуға болады.

▶ АТЫРАУ

ӘМІРЛІК ИНВЕТОРЛАРЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

БАӘ инвесторлары Атырау облысында бірқатар жобаларды іске асыруға қызығушылық танытты.



Сондай-ақ, әсіресе таяудағы АҚШ-тың Иранға қарсы экономикалық санкциялары қайта өрлеуі аясында мұнай бағасының артуына байланысты, жағдайдың жақсаруы ықтималдығына байланысты.

Сондай-ақ, әсіресе таяудағы АҚШ-тың Иранға қарсы экономикалық санкциялары қайта өрлеуі аясында мұнай бағасының артуына байланысты, жағдайдың жақсаруы ықтималдығына байланысты.

«Borealis» басқарма төрағасы Альфред Стертингің айтуынша, бұл – компания басшылығының Қазақстанға толық құрамдағы алғашқы сапары. «Біз әлемде полиэтилен мен полипропилен өндірісіндегі көшбасшылардың біріміз саналамыз. Бүгін Абу-Даби арқылы Азия нарығына шығып отырмыз. Біз өзімізге тартымды осы жобаға қатысуға дайынбыз», – делі А.Стернг.

Кезесу барысында Атырау қаласының әкімі Серік Шапқенов инвесторларға облыс орталығындағы әлеуметтік инфрақұрылым туралы айтып берді.

Өз кезегінде жобаны іске асыруға қажетті барлық көмекті көрсетуде дайын екенін айта келіп, Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғазев: «Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев елімізге инвесторлар тартуға баса назар аударады. Қазақстанның әлеуеті оры, оны игеруге озық технологиялар мен білікті кадрларды тарту қажет. Біз нәтижелі ынтымақтастыққа дайынбыз», – деп түйіндеді сөзін.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

Қаржы нарығындағы ахуал талқыланды

Алматыда Ұлттық банк өкілдерінің қаржы сарапшыларымен дөңгелек үстел басылды кезекті кездесуі өтті. Кездесу барысында қаржы реттеушісінің ақша-кредит саясатының мәселелері, ақша және валюта нарықтарындағы ахуал, сондай-ақ қаржы реттеушісінің базалық мөлшерлеме деңгейін 9,25%-тен 9%-ке дейін төмендету жөніндегі шешімі талқыланды.

БЕКЕТ КӨКЕНАЙҰЛЫ

Ұлттық банктің зерттеулер және статистика департаментінің директоры Виталий Тутушкин дөңгелек үстелге қатысушыларға жылдық инфляцияның 2018 жылға арналған нысаналы дәліз шеңберінде төмендеуін жалғастырамын дейтінін айтты. «Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі инфляцияның үстімдегі және келесі жылға арналған нысаналы дәліз ішінде төмендеуін және 2020 жылдың соңына қарай инфляция бойынша 4% болатын орта мерзімді бағдарға қол жеткізуді қамтамасыз етуді жалғастыруда. Бұл ретте ақша-кредит талаптары бейтарап деңгейде сақталуда. Алайда инфляциялық тәуекелдердің қысқа мерзімді, сол сияқты орта мерзімді перспективада іске асу ықтималдығының өсуі аясында базалық мөлшерлеменің 2018 жылы одан әрі төмендеуі әлеуеті айтарлықтай азайды», – деп түсіндірді В.Тутушкин.

Ол жылдық инфляция мамырда төмендеуін жалғастырып, 6,2%-ті құрағанын атап өтті. «Жылдың басынан бері салыстырғанда төмендеу инфляцияның барлық құраушылары – азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар және халыққа көрсетілетін қызметтер бойынша байқалуда. Инфляцияның төмендеуі қарқынды ағымдағы жылдың соңына дейін және келесі жылы шектейтін негізгі тәуекелдер азық-түлік пен қызметтер бағаларының өсуі, сыртқы саудадағы өріпестер елдер тарапынан инфляцияның импорты, тұтынушылық және инвестициялық сұраныстың өсуі аясында ішкі



тұтынудың өсуі негізгі тәуекелдер болып табылады», – делі В.Тутушкин.

Сондай-ақ Ұлттық банк өкілі сауда бойынша өріпестер елдердегі инфляцияның ағымдағы деңгейі өздерінің нысаналы мөндерінен төмен екендігін, алайда олардың дефинициялық әсер етуі әлеуеті біртіндеп жойылғанын атап өтті. Орта мерзімді перспективаға жасалған болжамдық бағалаулар Қазақстандағы ішкі инфляциялық инфляциялық қысымның өсуі тәуекелін арттыратын нысаналы бағдарлар деңгейіне жеткенін көрсетіп отыр.

Дөңгелек үстел басылуда келтірілген деректерге қарағанда, азық-түлік пен қызметтер бағасының индексі сәуірде жылдық көрсеткіші бойынша 2,7%-ке өсті. Сондай-ақ астық пен сүт өніміне бағалардың өсуі жалғасуда. Сыртқы монетарлық талаптардың қанауы дамушы нарықтардан капиталдың өкпеуімен қатар жүрде. «Билығы жылдың басынан бастап байқалған әлемдік мұнай нарығы тарапынан қолайлы әсер ету жалғасын тапты. Мұнайдың бағасы орташа алғанда бір баррель үшін 70 АҚШ долларына жуық деңгейде қалыптасып отыр», – делі Ұлттық банк өкілі.

Қазақстан экономикасындағы жылдың басынан бері үй шарушылықтары өнімдерін тұтынудың ұлғаю

үрлісі байқалғаны, оған халықтың нақты ақшалай кірістерінің екі жылдық төмендеуден кейін өсуі, сондай-ақ тұтынушылық кредиттің ұлғаюы себепші болғаны баса айтылды.

Бүгінде экономикалық белсенділіктің өсуі қарқынды сақталып отыр. Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың мәні 2018 жылғы қантар сәуірінде жылдық көрсеткіші бойынша 5,0%-ті құрады. Экономикалық өсімге тау-кен және өнділуші өнеркәсіптердегі, байланыс, сауда, сол сияқты ауыл шаруашылығындағы көрсеткіштерін жақсаруы орн үлесі қосты. Негізгі капиталға инвестициялардың өсуі билығы жылғы қантар-сәуірде 28,9%-ті құрады.

Осының аясында өндіріс мен ішкі тұтыну арасындағы айрма, Ұлттық банктің бағалауына, он аймаққа өтіп отыр, бұл профинанциялық қысымға әкеп соғады. «Инфляциялық күтулер төмендеді, алайда түрлі күйзелістерге сезімтал болып қалып отыр және қобіне нарықтағы ағымдағы жағдайларға байланысты. Сәуірде тұтыну номиналдық айырбастау бағамы күйзелісін аясында инфляцияның бір жыл аяғы күтілетін мәні 6,0%-ке дейін төмендеп, мамырдың қорытындысы бойынша 6,3%-ке дейін өсті. Қабылданатын инфляция да төмендеуін жалғасты-

руда. «Өткен 12 айда тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасы бұрынғы қарағанда тез өсті», деп санайтын респондентердің үлесі сәуірдегі 48,8%-тен мамырда 46,2%-ке дейін қысқарған.

Ұлттық банк өкілінің айтуынша, ақша-кредит талаптары бейтарап деңгейде қолдау табуын жалғастыруда. Нақты инфляцияның баяу төмендеуі, сондай-ақ профинанциялық тәуекелдердің орта мерзімді келешекте іске асу ықтималдығының өсуі Ұлттық банктің ағымдағы жылы базалық мөлшерлемені одан әрі төмендетуін шектейді.

Инфляциялық күтулерді басқару және оларды одан әрі төмендету мақсатында болашақта ақша-кредит талаптары неғұрлым қатаң сипат алу мүмкіндігі жоққа шығарылмады.

Еліміздің қаржы нарығындағы ахуалды таныстырудан кейін Ұлттық банктің өкілдері сарапшыларының сұрақтарына жауап беріп, сондай-ақ кездесулерді отандық маңызылығын атап өтті. Ұлттық банк сарапшыларымен кездесуді қаржы реттеушісінің нарықпен және қоғаммен белсенді байланыс орнату саясаты аясында жүзеге асырып отырғандығын атап өтті.

Айта кетейік, базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешім билығы 9 шілдеде Астана уақытымен сағат 17:00-де жарияланатын болады.

▶ БҮКІЛӘЛЕМДІК БАНК

Қазақстанға экономикаға шұғыл түрлендіру қажет

> [1]

Экономикалық келешек нашарлай түсуінің қатарына мыналар кіреді: сыртқы ортаның әлсіреуі мүмкіндігі (арта түскен геосаяси шиеленістер аясында), банк секторындағы мәселелердің ширатуы, Үкіметтің құрылымдық реформаларды іске асыруға мүмкіндігі жетпейді.

Сондай-ақ, әсіресе таяудағы АҚШ-тың Иранға қарсы экономикалық санкциялары қайта өрлеуі аясында мұнай бағасының артуына байланысты, жағдайдың жақсаруы ықтималдығына байланысты.

БИЛІККЕ ӨСУДІҢ ЖАҢА ТҮРІНЕ КӨШУГЕ МЕЙІЛІНШЕ БЕЙІЛДІК ТАНЫТУ ҚАЖЕТ

Құрылымдық реформаларды табысты жүзеге асыру – болашақта тұрақтырақ және инклюзивті экономикалық өсуге жету үшін қажетті талап.

Қолданыстағы құрылымдық және институционалды реформалар іске асырылып жатқан – мұнайға бағытталған, және онда мемлекеттік жүйе жетекші рөл атқаратын өсу моделінен – мемлекеттің экономикадағы рөлін шектеу арқылы, мұнай емес сектордағы белсенді, қазіргі заманғы және инновациялық сауданы дамытуға мүмкіндік беретін модельге ауыстырылуы тиіс.

Осыған байланысты, мемлекеттік сынайлы сектор субъектілерін (МССС) қайта құрылымдау және жеке иелендіру бойынша күш-жігер мемлекеттік басқарудың тиімділігін



арттыруға, қазыналық тәуелділікті төмендетуге, жеке сектордың іс-қимылдары үшін бәсекелік кеністіктер ашуға жамдырылуы қажет.

Зерделі салықтық-бюджеттік және ақшалай-кредиттік саясат экономика мен бағалар тұрақтылығын сақтап, экономиканың мұнай емес салаларына инвестицияларды ынталандыруға жол ашады. Экспортқа және өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған инвестицияларды тарту мен бекіту экономикалық қайта құру үшін шешуші маңызға ие.

ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ БЕКІТУ

Қазақстан – табиғи ресурстарының бай қорына қол жеткізуге ұмтылған, тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) бойынша жобалар үшін тартымды ел. Өйтсе де, экономика капитал өсіп-төсілдерінен, ноу-хаулар мен технологиялардан тұратын және экономиканы жаңғырту мен өзінің

өндірістік мүмкіндіктерін арттыратындауға мүмкіндік беретін экспортпен өндіріс тиімділігін арттыратын инвестицияларға бағытталуы тиіс.

Жақын маңайдағы кейбір ел-басқалар сектелестер сияқты, жалпы алғанда, ТШИ-лар Қазақстанда 2016 жылдан бастап қалыпқа келе бастаған сияқты. Дегенмен, Қазақстан ТШИ-лар келуі өтпелі экономикалық елдер бойынша орташа көрсеткіштерден төмен, сондай-ақ, өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған ТШИ-лар үлесі де Қазақстанда төмен деңгейде қалып отыр.

Талдау көрсеткендей, қайта инвестицияландырылған табыс Қазақстанға ТШИ-дан жалпы түсуінің әдеттен тыс төмен үлесін құрайды. Өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған ТШИ-дың көбірек көлемін тартуға, экспорттық инвестицияларға бағытталған Қазақстанның бәсекелестік артықшылықтарын баса көрсететін, максаткерлік талпыныстар қажет. Мұнан басқа, Қазақстан

инвесторларының қолданыстағы базасы арасында қайта инвестицияландырылу артыру бойынша қайта жанартылған, жетілдірілген күш жұмылдырылуы тиіс.

Өндірісі салаларға аса тәуелді экономика үшін, білкім, мемлекеттік сынайлы сектор субъектілерінің рөлі үлкендігі танымас екен шығар. Алайда, Қазақстанда бұлар экономиканың барлық салаларында кенінен тараған, олардың активтері ЖІӨ 30-40 пайызына бағаланады. Сондықтан да, өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған, қазақстандық экономикадағы ТШИ-дың негізгі активтері, меншіктің жеке түрі қандай деңгейде тарта алуы – Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан – кең көлемді жеке иелендірудің табысты болуының негізгі көрсеткішіне айналмақ.

Қазақстанның жана инвестициялық стратегиясы инвестициялардың барлық түріне елдің тартымды болуын арттыру жөніндегі реформаларға басым мән беруде және іс-қимыл негізгі үш бағытта жүзеге асыруға жұмылдырылған:

- инвестициялық ахуал;
- инвестицияларды халықаралық нарықтарда ынталандыру және жайғастыру;
- жеке иелендіру және мемлекеттік-жеке әріптестік.

Институционалды негіздерді жетілдіру мен үлестіру табыстың түйінді факторлары болып табылады.

Исатай ҚАМБАРАОВ,
Бүкіләлемдік банктің
сайтындағы ашық мәліметтер
негізінде даярланды

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

Актобеде облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен кәсіпкерлік форум ұйымдастырылып, онда әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекет, бизнес және мемлекеттік емес ұйымдардың әріптестігі мәселелері талқыланды.

ӘЛИЯ КЕМЕЛБЕКОВА

Іс-шараға еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі М.Әбілқасымов, дін істері және азаматтық қоғам вице-министрі А.Нүкенов, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі, Қазақстан іскер әйелдері кеңесінің президенті Р.Сәрсембаева қатысты. Талқылау алаңына мемлекеттік құрылымдар, халықаралық ұйымдар, бизнес және мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері, сонмен қатар өз еліміз бен Коса, Израиль, Түркия, Польша, Грузия, Қырғызстаннан келген қоғам қайраткерлері мен сарапшылар шақырылды.

Форум қатысушыларының пікірінше, әлеуметтік кәсіпкерліктің жетілмеуі – халықтың бұл саладағы ақпараттың аздығы, бизнес жүргізу мәселелері, пікір алмасу алаңдарының болмауы себеп.

«Атамекеннің» жұмысшылары кәсіпкерлікке тарту бойынша қызметін келешегі жайында ҰҚП басқарма төрағасының орынбасары Эялар Жұмағазиев «Бастау» жобасы әлеуметтік бағытта не екендігін атап өтті. Бұл толығымен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының жобасы әрі бизнеске оқыту бойынша мемлекеттік бағдарламалар кемшіліктерін ескере отырып әзірленген. Жоба бизнес негіздерін оқыту және оқытудан кейін бір жыл бойы өз идеяларын қолдай отырып, жұмысшылар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды кәсіпкерлікке баулу, олардың кәсіпкерліктегі мүмкіндіктерін анықтау және дамытуға бағытталған.

«Бастау» жобасы ауыл тұрғындары арасында жақсы сұранысқа ие. Алғашқы жылдың өзінде еліміз бойынша 15 мың адам кәсіпкерлік негіздерін оқыды. 8 мыңнан астам адам жобаларын қорғап, 3,5 мың адам қаржыландыруға қол жеткізді, жеке кәсіптерін ашып немесе бизнестерін кеңейтті. Былтыр жобаларын қорғаған 5 мың адамға қосымша 20 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінді. Актобе облысында жобаға 1125 адам қатысты. Бүгінде жоба нақты нәтиже беріп отыр. Кешегі жұмысшылар кәсіпкерлер қатарын көбейтті, жаңа жұмыс орындарын ашты. Бұл әйелдердің белсенділігі 60%-ды құрайтын нағыз әлеуметтік бағыт, – деді ҰҚП басқарма төрағасының орынбасары.

«Бастау» жобасы 2016 жылы Манғыстау мен Актобе облыстарында пилоттық режимде іске асырылған болатын. Пилоттық режимнің екінші нысаны – Актобе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық ауылы болды. Іріктеу тәсіліне қатысқан 140 жұмыссыз бен бастаушы кәсіпкердің 60-ы оқуға өтті. Оқу аяқталғанды олар өз бетінше бизнес-жобаларын әзірлеп, қорғалды. Нәтижесінде 30,1 млн теңге көлемінде 6 жоба қаржыландырылды. Оның ішінде 5 жобаны әйелдер қорғады. Олар шағын-жалғызай, пішпа және қондырғы өнімдерін пісіру және медициналық қызмет көрсетуді қолға алды. Бүгінде бұл жобалар сәтті жүзеге асып жатыр.

Биыл «Бастау» Актобе облысының барлық ауданын қамтыды. Республика бойынша 30 мың адам оқыту жоспарланған. Оның ішінде кем дегенде 20 мың ауыл тұрғыны бизнес-жоба-

ларын қорғауы керек. Бүгінде «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнес-ортаның жаңа сапалы легін қалыптастырмақ және осы әлеуметті өр өңірдің сұранысына бейімдеу көзделген.

Э.Жұмағазиев бұл бағытта ҰҚП мониторинг, нақты айтқанда тұрмыстық тізбекті анықтайтын скрининг жүргізіп жатқанын хабарлады.

– Жалпы, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі өте жоғары. Жүргізілген талдау көрсеткендей, былтыр бизнесмендер қайырымдылыққа 48 млрд теңге жұмсаған. Мұқтаж жандарға қол ұшын сөзген кәсіпкерлердің көбі заңнама бойынша салықтық жеңілдіктер мен артықшылықтар бары туралы бейхабар. Ірі салық төлеушілерге – салық салынатын табыстан 3%-дан аспайтын жал-

дасымен бірге «МК Корпорациясы» ЖШС жанынан ашылған «Taksim Food Academy» оқу орталығына барды, бұл нысан ҰҚП Оқу орталықтары тізіліміне енген. Кәсіпорын еліміз бойынша дәмхана мен мейрамхана желісіне ие. Осылайша құрстан өткен түлектердің 100%-ы жұмысқа тұрды. Былтыр Жұмыспен қамту орталығы бағыты бойынша 76 адам аспаз, дашы, бармен, кассир, өкіміш мамандықтарын оқыды. Биыл аспаза 12 адам, кассирға – 15 адам оқып жатыр. Білікті мамандарға деген сұраныс бар, кәсіпорын көп көлемде құрстандарды оқуға қабылдауға дайын.

Апта кетелік, биыл жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия бизнес ұсынғын ескеріп, жобаны қаржыландыруға жеке келісі кірісті.

Мәселен, аспаздарды оқыту 24 048 теңгеден 30 986 теңгеге артып, тігіншілік 24 048 теңгеден 27 690 теңгеге артты. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында «Атамекен» ҰҚП оқу орталықтары тізіліміне тіркелу арқылы кәсіпорындар қысқа мерзімді оқытуға қаржыландыру ала алады. Бүгінде Актобе облысы кәсіпкерлер палатасы аламы капиталды дамыту бөлімінің сарапшылары тізіліміге 7 оқу орталығын қосты.

Форумда Актобе облысы ұйымдары мен кәсіпорындары Израиль, Түркия, Қырғызстанның әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша ұйымдарымен ынтымақтастық туралы бірқатар меморандумдарға қол қойды. Осылайша форум аясында бірнеше бағыттар бойынша ынтымақтастық туралы келісімдер жасалды. Атап айтқанда, актобелік «Азия» тігін кәсіпорны ирандық «Хашемекен» кәсіпорнымен өзара байланыс орнатпак. Шетелдік бұл компанияның тәжірибесі актобелік кәсіпкерлер үшін қызықты. Тараптар әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жобаларды жүзеге асырып, Қазақстан үшін жаңа салада тәжірибе алмасуға келісті.

Актобе облысы мемлекеттік емес ұйымдар қауымдастығы және Қырғызстан әлеуметтік кәсіпкерлік мектебінің басшылығы қысқа мерзімді оқу бағдарламаларын ұйымдастыра, әлеуметтік кәсіпкерлерге тренинг өткізі, ғылыми және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша жауапкершілікті алып отыр.

«Бастау» – әлеуметтік кәсіпкерлік элементі



шы сома көлемінде, жоғарыда аталған салық төлеушілерден бөлек салық төлеушілерге – салық салынатын табыстан 4%-дан аспайтын жалпы сома көлемінде жеңілдік қарастырылған. Сонымен қатар көп кәсіпкер меценаттық қызметін жасайды. Мұндай жандардың үлгісін насихаттау керек. Былтыр «Атамекені» атты әлеуметтік жоба іске қосылғаны белгілі. Акция мақсаты – бизнестің қайырымдылық көрсету бойынша бастамасын қолдау, – деді атап өтті ол.

Спикер әлеуметтік кәсіпкерлікті ауқымды дамыту үшін нақты индикатор енгізуді ұсынды. «Бастаудың» өзі – әлеуметтік кәсіпкерліктің элементі. Дегенмен, индикаторды күшейтіп, оған мұқтаж жандардың тізімін қосу керек. Бір адамдар «Бастау» аясында оқып, жеке бизнес нысандарын ашар еді. Екінші ұсыныс – ұлттық кәсіпкерлер палатасында «5 мың ауылға, 5 мың мал қоршоры» атты жаңа жоба қолға алынып жатыр. ҰҚП басқарма төрағасының орынбасары аталған жобаға бизнесмендерді таласына және ауыл-аймаққа қамқоршы болуға шақырды. Спикер атап өткендей, осындай қамқорлықты үлгісі – танымал кәсіпкер, Актобе облысы кәсіпкерлерінің өңірлік кеңесінің мүшесі, «Алтын Қыран» компания тобының директоры, Қазақстан халқы ақсамы басығы төрағасының орынбасары Исламбек Салжанов. Меценат Актобе қаласындағы жаңа тарихи-өлкетану мұражайы құрылысына демеушілік

«Жұбановтар әлемі» үй-мұражайы, Шығармашылық академиясы салынып, пайдалануға берілді. Биыл облыста жалпы сомасы 28 млрд теңгеге құрайтын бюджеттік емес инвестицияға 33 жоба іске асады. Атап айтқанда, Актобеде теннис орталығы, мұз айдыны, жеңіл атлетика манежі, «Аналар тағзым» үй-мұражайы, Сұл ауруына шалдыққан балаларға арналған оқу орталығы, Яларлық медицина орталығы салынабақ.

Облыс әкімі Бердібек Сапарбаев «Атамекен» ұсынғыстарына белсенді қолдау танытты.

– Кәсіпкерлік жаппай дамытуда белсенді жұмыс атқарылуы. Былтырғы жылдың нәтижесі бойынша жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілері саны 52 мыңға құлады, бұл мемлекеттің қуатты қорына өсер етті. Кәсіпкерлері әлеуметтік жауапкершілік тәлімі бар бағытта келеміз. Өңірдегі шағын және орта кәсіпорындардың 40%-ы әйелдер басқарып отыр. Олар әлеуметтік белсенділігі танытып, «Туған жер» бағдарламасына қолдау көрсетуде. Осындай белсенділігімен танылып жүрген іскер әйелдер – Зәмғалұл Байғамбетова балбақша, халық кеңесінің салып, кәзірі таңда Неке кино сарайын тұрғызып жатса, Рабина Тасыбаева балалар лагері, физика-математика бағытында мектеп-интернатын салды, – деп атап өтті өңір басшысы.

Форум аясында әлеуметтік кәсіпкерлік нысандары бойынша көшпелі таныстарымыз жасалды. Э.Жұмағазиев делегация мүше-

Мәселен, аспаздарды оқыту 24 048 теңгеден 30 986 теңгеге артып, тігіншілік 24 048 теңгеден 27 690 теңгеге артты. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында «Атамекен» ҰҚП оқу орталықтары тізіліміне тіркелу арқылы кәсіпорындар қысқа мерзімді оқытуға қаржыландыру ала алады. Бүгінде Актобе облысы кәсіпкерлер палатасы аламы капиталды дамыту бөлімінің сарапшылары тізіліміге 7 оқу орталығын қосты.

Форумда Актобе облысы ұйымдары мен кәсіпорындары Израиль, Түркия, Қырғызстанның әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша ұйымдарымен ынтымақтастық туралы бірқатар меморандумдарға қол қойды. Осылайша форум аясында бірнеше бағыттар бойынша ынтымақтастық туралы келісімдер жасалды. Атап айтқанда, актобелік «Азия» тігін кәсіпорны ирандық «Хашемекен» кәсіпорнымен өзара байланыс орнатпак. Шетелдік бұл компанияның тәжірибесі актобелік кәсіпкерлер үшін қызықты. Тараптар әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жобаларды жүзеге асырып, Қазақстан үшін жаңа салада тәжірибе алмасуға келісті.

Актобе облысы мемлекеттік емес ұйымдар қауымдастығы және Қырғызстан әлеуметтік кәсіпкерлік мектебінің басшылығы қысқа мерзімді оқу бағдарламаларын ұйымдастыра, әлеуметтік кәсіпкерлерге тренинг өткізі, ғылыми және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша жауапкершілікті алып отыр.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

«7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫ

ӘРБІР ОТБАСЫНА – ЖАҢА БАСПАНА

Президенттің «Бес әлеуметтік бастамасының» бірінші бағыты бойынша был Оңтүстік Қазақстан облысында 30 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді.



Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беретін әлеуметтік бастама еліміздегі халық тығыз қоныстанған, демографиялық осым жоғары өңірде ерекше қуанышпен қабылданды. Биыл облыс бойынша жеке құрылыс компаниялардың қатысуымен 104 көпқабатты тұрғын үйіні құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл – жалпы ауданы 413,9 мың шаршы метр болатын 5 122 пәтер. Оның ішінде 30 үй, яғни 1 454 пәтер биылғы жылдың соңында пайдалануға беріледі. Салындып жатқан үйлер тұрғындарға «7-20-25» бағдарламасы аясында берілетін болады. Аталған бағдарлама арқылы отбасына тұрғын үй кезегінде тұрған 60 мың азаматтың, жер кезегіндегі 220 мың азаматтың және «Тұрғын үй жинақ банкі» АҚ бойынша 61 мың салымшының баспана мәселесі шешімін табытын болады. Сонымен қатар 20-ға тарта жергілікті инвестор «7-20-25» бағдарламасы аясында «Шамкент Сити» қалашығында 100-ден астам көпқабатты тұрғын үй салуға қызғашушылық танытып отыр. Кәзіргі уақытта олармен келіссөздер жүргізілуде. Сонымен биылғы жыл ішінде 780,2 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған.

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ

ҚҰС ФАБРИКАСЫ САЛЫНАДЫ

Ақмола облысында жалпы құны 204 млрд теңге сомағын құрайтын құс фабрикасы салынады.

Аталған жоба туралы облыс әкімі Мәлік Мырзалиннің ағылшын инвесторларымен кездесуінде айтылды. Кездесу барысында Global Project Capital LTD (Ұлыбритания) компаниясының бас директоры Роберт Фултон облыс басшысына өндірістік қуаты 200 000 тонна болатын құс фабрикасы құрылысының жобасын таныстырды. Жобаның құны 204 миллиард теңге сомағы (600 млн АҚШ доллары) құрайды. Оны «FORUM AGRICO» ЖШС жүзеге асыратын болады. Ірі құс фабрикасын салудың Астана қаласы айналасында азық-түлік бөлуінің қамтамасыз етуге, сондай-ақ өңірлік экспорттық әлеуетін арттыру бағытындағы маңыздылығына тоқтала келіп, облыс басшысы Мәлік Мырзалин бұл жобаны іске асыруға барынша қолдау білдіретінін атап өтті.

БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ ҚАРТАСЫ – 2020

ҚЫЗЫЛЖАРДА АЛҒАШҚЫ ЖАРМА ЦЕХЫ АШЫЛДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысында азық-түлік жармасы шығарылады.



«Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қызылжарда қарқынды пен дәнді дақылдар шығаратын алғашқы цех іске қосылды. Жобаны жүзеге асырған «Рахат» ОҚ ЖШС былтыр осы мақсатта «Даму» қоры АҚ өңірлік филиалы кепілдімен 130 млн теңге қаржы алып, оған украиндық «Олис» компаниясының жабдықтауын сатып алған. Бүгінде азық-түлік жармасын шығаратын өндірістік желі жартылай іске қосылды. Жармаға қажетті шикізат жергілікті шаруа қожалықтарынан сатып алынады.

«Рахат» ОҚ ЖШС басшысы Ақиф Веллев жобаны қолға алмас бұрын нарықты зерттеп, сұранысы жоғары өнім түрлерін таңдағанын айтады. Үкі тартатын өндірісі бар компанияның жарма студия жинақтанған тәжірибесі де айтарлықтай. «Өндірістің ғимарат пен астық тазалайтын жабдықтау сатып алды. Кәзіргі таңда қарқынды арпа, тары, бидай жармаларын дайындап жатырмыз. Айна 40 тонна дайын өнімді өндіру жоспарланған отыр. Тұтынушылар үшін жарма бағасы арзан болады», – деді А.Веллев.

Биыл компания еліміздің бірнеше қаласында өз филиалдарын ашуды көздеп отыр.

Рығтай САҒЫНБЕКОВА

БИЗНЕС КЕҢЕСІШІ

ASKHAT өнімдеріне сұраныс жоғары

«Бизнес кеңесші» түлегі тігетін аяқ киімге сұраныс жоғары.

ЕРНАР ОРМАНОВ

Алматы облысының Қербұлақ ауданы Сарыөзек ауылдағы Асқат Тағарбаев ерекше қажеттілігі бар азамат. 2 топ мүгеделі тұрғынның есту және сөйлеу қабілеттерін айырылған. Алайда Асқат «бұл тек бір ғана мүмкіндіктің шектелгені» деп есептейді. Өз кезегінде ол шығармашылық дарынды, ерекше күш-қуатқа ие жана. Сондықтан алдына қойған мақсат-міндеттерін орындап келеді.

Кәсіпкерлер палатасының Қербұлақ аудандық филиалының басшысы Болат Тастанбекөвтың ай-

туынша, Асқат филиалға келіп, кәсіпкерлік саласындағы соңғы жаңалықтар мен өзгерістер туралы жиі біліп тұрады. «Қолынан бал тамған шебер болған соң, Асқатқа аяқ киім тігуі мен жөндеу цехын ашуды ұсындық. Бұл істе тәжірибесі бар. Өндірісті ұйымдастыру үрдісімен таныстырып, бизнес-жоспарды әзірлеп бердік. Кейін сурдоаудармасы бар «Бизнес Кеңесші» жобасына жазылды. Оқу курсынан өтіп, жаңа білім алған соң мемлекеттік грант алуға өтінім берілді», – деді Болат Тастанбекөв.

Асқат Тағарбаев жобасын сәтті қорғап, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында ақсыз грантқа ие болды. 1,5 млн сомдағы қаражат тиісті құрал-жабдықтау,

материалдар мен шикізат алуға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, жас бизнес өкіліне Кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалы тіркеу, құжаттарды дайындау бойынша сүйемелдеу, қолдау көрсетті.

Аяқ киім тігуі мен жөндеу цехы өткен жылдың соңында салтанатты түрде ашылды. Шараға аудан басшылығы, тұрғындар, кәсіпкерлер мен бұқаралық ақпарат өкілдері қатысты. Қазір мұнда Асқат сияқты мүмкіндігі шектелуі үш адам жұмыс істейді. Айна 40 пар аяқ киім тігіледі. Бұйымға қажетті бұйымдары Шығыс Қазақстанның өкелінісі, ұсақ-түйек заттар ресейлік өндірушілерікі. Аяқта кету керек, аз уақыт ішінде ASKHAT брендімен шығарылған өнімдер

көпшіліктің ықыласына бөленіп, еліміздің түкпір-түкпірінен тапсырыстар келіп тұсады. «Жақында біз жұды тіреліп тігілген жылы етікке Шығыс Қазақстан және Актобе облыстарынан 2000 дағана тапсырыс алдық. Мақсат – осындай аяқ киімді көптеп шығару үшін цехты кеңейту. Сонымен бірге, балалар аяқ киімдерін шығаруды да жоспарлап отырмыз», – деді кәсіпкер Асқат Тағарбаев.

Аяқта кетейік, былтыр Алматы облысында «Бизнес Кеңесші» екі күндік оқу курсына 1300-ден аса азамат қатысып, олардың 200-ге жуығы жеке кәсіпкер ретінде тіркелді. 120 қатысушы жалпы сомасы 340,4 млн теңге көлеміндегі қаржыландыруға қол жеткізді.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Жетпісбай
БЕКБОЛАТУЛЫ,
ал-Фараби
атындағы ҚазҰУ
кафедра меңгерушісі
e-mail:
Zhetpisbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

Сауда смартфон сипағанша

Ел Үкіметінің қаулысымен өткен жылдың соңында өмірге енген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты цифрлық технологияларды дамыту арқылы экономиканың бәсекелестігін және тұрғындардың өмір сапасын арттыру болып табылады. Аталған бағдарламаның бірігіп орындалуы үшін елдің еңшілігі бөлінген электрондық сауданы дамыту үшін дәл қарсаңда өзірленді. Өзге әзірленген қатар смартфонмен де жасалатын мұндай сауда нарығының көлемі ресми статистика деректеріне сәйкес былтыр 107 млрд теңгені құрады. Бұл бөлшек тауар айналымы жалпы көлемінің 1,2 пайызы болып табылады. Желел деректерге сәйкес 2018 жылдың алғашқы бес айындағы электрондық сауда нарығының көлемі 101 млрд теңгені немесе бөлшек тауар айналымының жалпы көлемінің 2,9 пайызын құрады, сөйтіп екі есе өсім байқалды. Жалпы алғанда 2018 жылдың басынан бері 110 жаңа электрондық сауда нысандары тіркелді. Қазір нарықта 1700 интернет-дүкен жұмыс жасауда, сатып алушылар саны 1,5 млн адамға дейін өсті. Аталған салада жұмыс істейтіндер өсімі 37 мың адамды құрады. Мұның арқасында жеткізілген тауар көлемі бойынша нарық 2017 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 7 млн данадан 12 млн данаға дейін, яғни 58 пайызға өсті. Электрондық саудаға неғұрлым кең көлемде қатысушы тарту үшін мүдделі ұйымдар бірлесіп, «үстемелем-қолдану жөніндегі мәселені пысықтады. Қабылданған жаңа Салық кодексі шеңберінде «интернет-дүкен», «интернет-алан», «тауарлармен электрондық сауда» атау өздері анықталды, электрондық сауда саласындағы корпоративтік және жеке табыс салығын төлеуден түскен кірістерден босатуға қатысты салықтық жөніндегі күшіне енді. Бұл үшін мәмілелерді электрондық түрде рәсімдеу, тауарларға ақы төлеуді қолма-қол ақнасыз жүргізу, тауарды сатып алушыға жеткізу қызметімен немесе логистикалық компаниялармен келісім-шарттың болуы сияқты талаптар белгіленді, қажетті заңға төлеуді ақтілер қабылданды. Бүгінде төлемдердің кемінде 90 пайыз қолма-қолсыз жүргізіледі, мұның өзі жеңілдік алудың негізгі шартының бірі болып табылады. Төлемдер мен төлем жүйесі туралы заңнамаға сәйкес банк операцияларының жеделденуі туралы құрастыратын ұйым саналатын «Қазпошта» акционерлік қоғамы үстемелем көмегімен тауарларға ақы төлеуді қабылдай алады.

Аталған міндетті жүзеге асыру үшін банктермен немесе банк операцияларының жеделденуі туралы құрастыратын ұйымдармен төлем агенттері ретінде келісім-шарт жасасу қажет болады. Осы орайда қолма-қолсыз ақша төлемдерінің үлесін арттыру мақсатында банктік және банктік емес төлем жүйелерін дамыту үшін Ұлттық банктен бірлесіп, ұялы телефонды пайдалану арқылы жүргізілетін жылдам төлем жүйесінің жобасы әзірленді. Жүйе ұялы телефон нөмірі бойынша төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру, төлемдерді жылдам рәсімдеу және алушыға ақша аудару, тәулік бойы жұмыс істеу, банкаралық комиссиялардың болмауы сияқты талаптарға негізделді. Жүйені пилоттық тәртіпте тестілеу үстемелемді жылы тамыз айында жоспарланатын отыр. Банктік емес төлемдерге келетін болсақ, «Қазпошта» акционерлік қоғамы басшысы «электрондық өмір» құрылады. Тұтынушы «Post.kz» сайтында тіркеліп, электрондық өмірдің ашады, оны «Қазпошта» акционерлік қоғамының картасымен немесе басқа банктік картасымен толықтыра алады. Электрондық өмір осы жылдың жазында іске қосылып, ұялы байланыс, мемлекеттік қызмет, айыппұл, салық, коммуналдық қызметті төлеу үшін қолданылады. «Қазпошта» акционерлік қоғамы алауда уақытта «электрондық өмір» электрондық сауда тауар өткізу үшін қолдануды жоспарлап отыр, оны пилоттық іске қосу үстемелемді жылы тамызға белгіленген.

Былғи жылғы логистика инфрақұрылымын дамыту үшін Астана мен Алматы қалаларында екі Fulfillment орталығы құрылып, олар арқылы 170 мыңнан кем емес жөнелтім жіберу көзделген. Қазір «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы сервистік қолдау көрсету шеңберінде ақпараттық технологиялар саласында қызмет көрсету, оның ішінде интернет бизнесін құрып, жүргізу бойынша оқытуға басталды. Қазіргі таңда 911 шағын және орта бизнес нысанларына кенес беріліп, жыл соңына дейін 15 000 шағын және орта кәсіпкерлерді оқуға жоспарлануда. Осы ретте электрондық коммерциядағы бизнес құзыреттілігін арттыру үшін «Қазпошта» акционерлік қоғамы негізінде Астана қаласында алғашқы электрондық коммерция орталығы ашылды, ол дайын онлайн-дүкендерді құру мен оқу бойынша қызмет көрсетеді. Жалпы алғанда биыл 1000 бизнес нысаным оқуға жоспарлануда. Логистикалық инфрақұрылымды жетілдіру үшін «Қазпошта» акционерлік қоғамы Шымкент, Қарағанды, Ақтөбе қалаларында Е-коммерс орталықтары мен фулфилмент-орталықтарын құруды жоспарлауда. Осының арқасында өңделген жөнелтімдер санын 20 пайызға, яғни 5,148 миллионнан 6 миллионға дейін ұлғайтып, Қазақстанға жеткізілу уақытын 15 күннен 6 күнге дейін және белгілі бір бағыттар бойынша экспресс-постта арқылы 1 күнге дейін қысқарту жоспарланатын. Сондай-ақ электрондық сауданы жетілдіру мақсатында ауылдық елді мекендерде кен жолақты интернетке қолжетімділікті арттырып, оларды жерсеріктік технологиялармен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде.

САРАПТАМА

Шағын кәсіпорындар жабылып жатыр

Осы жылдың қаңтар-наурыз айында отандық шағын бизнес саласында 3,7 мың кәсіпорын жабылды. Бұл 2017 жылдың салыстырмалы кезеңінен (1,5 мың) 2,5 есе көп. Өз қызметтерінің негізін шаруашылық серіктестіктері доғарды екен, бір жылда бұлардың саны 1,9 мыңға азайған, деп хабарлады Inpro.kz сайтынан (1-инфографика).

ИСАТАЙ КАМБАРОВ

Аймақтарға шаққандағы 2018 жылдың 1-тоқсанындағы шағын бизнестен шығудың неғұрлым көбі

1-инфографика

Жойылған шағын заңды тұлғалар (бірлікпен)	2018/І	2017/І	Өсімі
Шағын заңды тұлғалар	3 678	1 476	149,2%
шаруашылық серіктестіктер	3 049	1 153	164,4%
мемлекеттік кәсіпорындар	63	34	85,3%
акционерлік қоғамдар	48	13	269,2%
басқа да ұйымдастыру-құқықтық нысандар	518	276	87,7%

Есептеулер кезінде ҚРҰЭМ Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері пайдаланылды

2-инфографика

Жойылған шағын заңды тұлғалар (бірлікпен)	2018/І	2017/І	Өсімі
Қазақстан	3 678	1 476	149,2%
Алматы	1 730	324	434,0%
ОҚО	290	124	133,9%
ШҚО	236	147	60,5%
Астана	213	183	16,4%
Қарағанды обл	170	114	49,1%
Алматы обл	150	94	59,6%
СҚО	150	64	134,4%
БҚО	138	51	170,6%
Ақтөбе обл	115	69	66,7%
Жамбыл обл	100	31	222,6%
Қостанай обл	89	63	41,3%
Павлодар обл	71	60	18,3%
Ақмола обл	70	48	45,8%
Маңғыстау обл	66	32	106,3%
Қызылорда обл	59	32	84,4%
Атырау облысы	31	40	-22,5%

Есептеулер кезінде ҚРҰЭМ Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері пайдаланылды

Алматыда тіркелген – осыдан бір бұрынғы 324-тен 1,7 мыңға жеткен. Одан кейінгі орында ОҚО – бір жыл бұрын 124 болса, биыл 290 шағын кәсіпорын жоюға ұшыраған.

Жайсыз «жөнімпаздардың» үштігін ШҚО түйіндеді – 2018 жылдың қаңтар-наурыз айында 236 шағын заңды тұлға жойылған (2017 жылдың қаңтар-наурыз – 147 компания). Сондай-ақ Астанада да жойылған шағын кәсіпорындар саны өсіп кеткен, бұл бір жыл бұрынғымен, бұл бір жыл бұрынғымен, 30 жойылған кәсіпорынға артық.

Жойылған шағын заңды тұлғалар саны тек Атырау облысында ғана азайған – бір жыл бұрынғы 40-тың орнына 31 компания (2-инфографика).

Шағын заңды тұлғалардың негізгі жойылуы көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдер

жөндеу бұйындарында шоғырланған – 1,4 мың (38,4%). Одан әрі құрылыста – 290 компания (7,9%). Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет салаларында және өңдеуші өнеркәсіпте жойылған шағын кәсіпорындар саны тиісінше 262 және 252 (салыстырмалы ауқымы – 7,2% және 6,9%) құраған.

Жоғарыда аталған соңғы бес құрылымның үлесі – 66,1% немесе жойылған шағын кәсіпорындардың 2,4 мыңы (3-инфографика).

Жойылып үлгерген шағын заңды тұлғалардан өзге, 4,8 мың шағын кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалар бір жыл бұрын – 4,3 мың жойылу үдерісінде болған.

Шағын бизнестен шыққалы жатқан іскерлердің саны жағынан басым

3-инфографика



Есептеулер кезінде ҚРҰЭМ Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері пайдаланылды

көпшілігі Алматыда шоғырланды – 825-і. Алайда, соңғы жылда олардың саны азайған, өйткені бір

CFO Summit 2018 – Қазақстандағы қаржылық жүйе дамуының келешегін, соңғы өзгерістер мен көрсеткіштерін

4-инфографика

Жойылу үдерісіндегі шағын заңды тұлғалар (бірлікпен)	2018/І	2017/І	Өсімі
Қазақстан	4 800	4 300	10,9%
Алматы	825	929	-11,2%
Қостанай обл	727	670	8,5%
Қарағанды обл	513	342	50,0%
ОҚО	348	98	255,1%
Маңғыстау обл	309	334	-7,5%
Қызылорда обл	285	236	20,8%
Ақмола обл	264	284	-7,0%
БҚО	248	158	57,0%
Атырау обл	240	280	-14,3%
Астана	224	274	-18,2%
Алматы обл	178	131	35,9%
Павлодар обл	176	182	-3,3%
ШҚО	162	123	31,7%
Ақтөбе обл	139	111	25,2%
СҚО	90	101	-10,9%
Жамбыл обл	72	77	-6,5%

Есептеулер кезінде ҚРҰЭМ Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері пайдаланылды

жыл жыл бұрын 929 шағын заңды тұлға жойылу үдерісінде болған екен.

Қостанай облысында, керісінше,

кішітердің құбылу үдерісін және жаңашылдығын, сондай-ақ еліміз экономикасының басқа да келетін мәселелерін зерделеді.

СЫРТҚЫ ФАКТОР

25 мамыр – 1 маусым аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

1 маусымдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша теңгесінің нарықтық бағамы бір аптаның ішінде 1,0%-ға (327,42-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 330,78 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2018 жылғы 25 мамыр – 1 маусым аралығы кезеңінде Италиядағы саяси тұрақсыздық, Испанияның премьер-министрі Мариано Рахойның және министрлер кабинетінің отставкаға кетуі, ОПЕК+ келісіміне қатысушылардың мұнай өндіруді қысқарту нұсқаларына қатысты түсініктемелері, АҚШ-тың Еркін сауда туралы Солтүстік Америка келісімі (НАФТА) бойынша ЕО және әріптес елдерден болат және алюминий импортына баға енгізу маңызды оқиға болды. Бұл факторлар әлемдік нарықта АҚШ долларын аздап әлсіреуіне өкелді.

Дамушы елдер** валюталары бағамдарының АҚШ долла-



рына қатысты серпіні былайша қалыптасты:

- Индонезия рупиясы Индонезия банкі 7 күндік РЕПО мөлшерлемесін 4,75%-ға көтергеннен кейін 1,6%-ға (14 125-тен 13 896-ке дейін) нығайды;
- Түрік лирасы Түркияның Орталық банкі ақша-кредит саясатының жедел құрылымын оңтайландыру туралы процесін аяқтау туралы шешім қабылдағаннан кейін 1,5%-ға (4,72-ден 4,65-ке дейін) нығайды. Реттеуші репоның бір апталық мөлшерлемесін монетарлық сая-

саттың негізгі құралы ретінде пайдалануға шешім қабылданды;

- үнді рупиясы 1,0%-ға (67,77-тен 67,06-ға) нығайды;
- Ресей рублі апта бойы айтарлықтай өзгерістерсіз бір АҚШ доллары үшін 62,22 рублі деңгейіне саудаланды;
- Оңтүстік Африка ранды инвесторлардың төуекелді активтерге төбетінің төмендеуі және шетелдік инвесторлардың ЮАР қор нарығында активтерді сатуы аясында 1,5%-ға (12,50-ден 12,69-ға дейін) әлсіреді;
- Мексика песосы АҚШ-тың

НАФТА бойынша әріптес елдерден болат және алюминий импортына баж енгізу аясында 2,0%-ға (19,54-тен 19,94-ке дейін) әлсіреді;

Бразилия реалы Бразилияның президенті М.Темердің Петробас мұнай мемлекеттік компаниясының қызметіне үкіметтің араласуы және баға саақтың сақтау туралы өтініштерінен кейін 3,3%-ға (3,65-тен 3,77-ге дейін) әлсіреді. Бұдан бұрын қаржы директоры Иван Монтейра Петробас қызметкерлерінің наразылықтарынан кейін отставкаға кеткен Педро Парентиннің орнына компанияның басшысы болды.

* шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық ақша ашық дереккөздерінің негізінде апта сайын дайындайды
** АҚШ долларына қатысты көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

↳ PATH TO RENEWAL

N. Nazarbayev: China is our «closest and most reliable friend and partner»


It is common knowledge that Central Asia is distant from the major centers of world economic activity. The lack of connectivity between this remote post-Soviet region and the outside world remains a major obstacle to trade and economic development. But now the states of Central Asia are living in anticipation of changes. More accurate to say, that they are waiting for systemic, large-scale changes to happen.

DANISH AZIM

Indeed, this is already happening within the framework of the One Belt One Road project initiated by Xi Jinping. On September 7, 2013, the president of PRC made a speech titled «Promote People-to-People Friendship and Create a Better Future» at Kazakhstan's Nazarbayev University, in which he said «To forge closer economic ties, deepen cooperation and expand development space in the Eurasian region, we should take an innovative approach and jointly build an «Economic belt along the Silk Road». This will be a great undertaking benefitting the people of all countries along the route. To turn this into a reality, we may start with work in individual areas and link them up over time to cover the whole region». Turning to the relationship between our two countries, Xi Jinping noted: «China and Kazakhstan are friendly neighbors as close as lips and teeth. Our 1,700-kilometer long common border, two millennia of interactions and extensive common interests not only bind us closely together, but also promise a broad prospect for bilateral ties and mutually beneficial cooperation. Let us join hands to carry on our traditional friendship and build a bright future together».

Much has already been done in the previous three and a half years. But more remains to be done. One Belt, One Road is becoming a reality with every other day.

The project that aims to restore a modern-day equivalent of the legendary Great Silk Road, the historic trade route linking Central and West Asia with South



Asia and China, astounds imagination with the enormity of the challenge its entrepreneurs face. Yet things are moving along.

And it can be said that project entrepreneurs have already started making credible progress towards implementation, matching words with action.

The One Belt, One Road initiative, undoubtedly, carries with it a promise of unprecedented breakthrough. There are indeed important expectations vested in this endeavor. And in particular, that is the case for Kazakhstan and its Central Asian neighbors.

China is the only major world power that not only holds the key which could help Central Asia's landlocked developing countries, including Kazakhstan, facing geographic handicaps and remoteness from the major corridors of international commerce, to escape their isolation by much more actively integrating themselves into the global economy in a beneficial manner, but also sees benefits in using such a tool. No other powerful state is interested in having such an option as much as China. As a result, Kazakhstan is now in transition from being a remote, hinterland country

beyond the reach of many nations from different parts of the world towards being a state playing a major role in oil transit between Russia and China through Atasu - Alashankou pipeline and in transit trade between Europe and Asia through the Eurasian railroad network.

Yet today Kazakhstan stands at the beginning of the road to transformational changes. It is difficult to say how far these new developments would spread. We have been witnessing a time when profound changes are sweeping across the globe. Our region, Central Asia, is no exception in that regard. The Trans-Eurasian land routes connecting Europe and Asia are once again becoming more and more competitive vis-à-vis the sea routes via the Suez Canal accounting roughly for two thirds of the world trade. This in turn leads to gradually re-establishing Central Asia's role as a major transit hub of the global network of commercial exchanges. It is China - the second largest economy which is increasingly playing an important and influential role in development and in the global economy - that primarily drives the change process. Our country has been contributing within its capability to it.

In an exclusive interview with Xinhua News Agency, «Interview: Kazakh president says China's progress aligns with his country's interests», Kazakh President Nursultan Nazarbayev characterized China as «the closest and most reliable friend and partner» of Kazakhstan. He commended the efforts of both countries to revitalize the ancient Silk Road and hailed the tangible results in their cooperation.

«Kazakhstan attaches great importance to consolidating relations with China», the president said, noting that the alignment of the China-proposed Belt and Road Initiative and Kazakhstan's «Bright Path» («Nurly Zhol») new economic policy has been advancing markedly over the past five years.

According to him, the railways passing through Kazakhstan are expected to further expand the country's import and export volume, with the China-Europe and China-Central Asia freight services being put into exploitation.

It therefore means that our country's leader sees collaboration between Kazakhstan and China as being mutually beneficial.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ЭКСПОРТ

БІР МИЛЛИОН ТОННАҒА ЖЕТУІ МҮМКІН

Елімізден Қытайға шығарылатын астық көлемі 1 миллион тоннаға жетуі мүмкін.

Бұл туралы ҚР премьер-министрінің орынбасары – ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеевтің ҚХР Мемлекеттік азық-түлік басқармасы бастығының орынбасары Цзэн Линн ханыммен кездесуі барысында айтылды. Тараптар екі елдің ауыл шаруашылығы, соның ішінде астық секторындағы ынтымақтастық мәселелерін, сондай-ақ елімізден ҚХР-ға экспортталатын астық квотасын 2019 жылы 500 мың тонна, ал 2020 жылы 1 миллион тоннаға дейін ұлғайту жайын талқылады. Сонымен қатар қазақстандық тарапқа қытайлық ішкі астық нарығының басқа қатысушылары арасында квота бөлу ұсынылды.

Айта кетейік, қазіргі уақытта квоталанған астықтың 95%-ін «COFCO» мемлекеттік компаниясы таратады.

▶ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУШЫЛАР ТАРТЫЛАДЫ

«БЖЗК» АҚ қолданатыны зейнетақы заңнамасы мәселелері, болашақ зейнетақыны жоспарлау, жұмыспен қамту мәселелері бойынша тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыруда.

Қордан зейнетақы төлемдерінің жеткілікті мөлшерде жүзеге асырылуы – зейнетақы жарналарының тұрақты аударылып тұруына тікелей байланысты. Барлық еңбекке қабілетті тұрғындардың жүйеге қатысуы маңызды. Осы ретте БЖЗК өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды зейнетақы жүйесіне тарту жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді. Зейнетақы жүйесіне енужар қатысушыларын анықтау үшін БЖЗК салымшыларының базасы талданып, жарна түсілейтін шоттарды өңдеу басталды. Нәтижесінде салымшылар дерекқорында 2015-2017 жылдар аралығында ашылған, бірақ бірде-бір рет жарна түспеген, сондай-ақ зейнетақы жинақтары бар, бірақ 2017 жылы жарна түспеген шоттар анықталды. Қордың өнiрiк желiсiнiң қызметкерлерi осы шоттардың иелерiне хабарласып, зейнетақы жарналарының не үшiн түспей жатқандығын анықтау және қолданастағы зейнетақы заңнамасы бойынша ақпарат беру-түсiндiру жұмыстарын жүргiзiп жатыр.

Быыл алғашқы жартыжылдықта 325 мыңдай салымшыны қамту жоспарланса, ақпан-сәуір айлары аралығында 117 264 салымшымен байланыс орнатылды. Осылайша 25 мыңнан астам жеке зейнетақы шотына жалпы сомасы 150 млн теңгеге мiндеттi зейнетақы жарналары аударылды. Бұл – байланыс орнатылған салымшылардың 21%-iне тең. Сауалнама жүргiзу нәтижесiнде байланыс орнатылған салымшылардың жартысына жуығы жұмыссыз, ал қалғандары – өзiн-өзi жұмыспен қамтушылар, жеке кәсiпкерлер, бейресми жұмыспен қамтылған азамат екендiгi анықталды. Оларға жiнақтаушы зейнетақы жүйесi туралы ақыл-кенес, өнiмдi жұмыспен қамту және жаппай кәсiпкерлiктi дамыту бағдарламасы бойынша толыққанды мәлiмет берiлдi.

Байланыс орнатқан соң жарна аударған салымшылардың шамамен 41%-i – 18 бен 25 жас аралығындағылар, 34%-ке жуығы – 25-40 жасқа дейiнгiлер, 14%-тен астамы – 40-50 жасқа дейiнгiлер және 11%-тен астамы – 50 жастан асқан азаматтар. Экономикалық тұрғыда белсендi азаматтардың барлығын жiнақтаушы зейнетақы жүйесiмен қамту мақсатында бұл бағыттағы жұмыстар одан әрi жалғастырылуы болады.

▶ ӨНДІРІС

РЕКОРДТЫ КӨРСЕТКІШКЕ ЖЕТТІ

«Казхром» компаниясы феррохромға өндіруде рекордты көрсеткішке қол жеткізді.



Өлемдегі ірі жоғары көміртекті феррохром өндірушісі «Казхром» транслүттық компаниясы АҚ өткен жылы қор рудасы мен феррохромтың нақты рекордты көлемін өндіріп, танқаларлық жетістікке жетті. «Өлем бойынша ірі феррохром өндірушілерінің бірі болып табылатын «Казхром» жоғары сапалы қор рудасының мол қорына ие. Бұл феррохромға деген әлемдік сұранысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – дейді «Еуразиялық топ» ЖШС басқарма төрағасы Серік Шахазнов.

Быылтыр «Казхром» шамамен 5,6 трлн қор рудасын (өткен жылмен салыстырғанда 15% көп) өндірген және 1,6 млн тоннадан астам феррохромға (8% көп) дайындаған. Ал әлеуметтік инвестицияларының көлемі 57 млн АҚШ долларын асқан. Бұл 2016 жылғымен салыстырғанда 80% артық.

Ғымтай САҒЫНБЕКОВА

↳ REGIONAL COOPERATION

D. Nazarbayeva presented the idea of setting up an Asian version of Schengen visa

Some media outlets have reported this week that the Kazakh parliament's Senat (upper chamber) deputy, head of the Senate's International affairs, defense, and security committee Dariga Nazarbayeva put forward to Uzbekistan a proposal for setting up an Asian version of Schengen – «Silk visa» – in order to attract tourists from abroad to the two countries.

AZIZ AYHAN

She initiated such a move during a meeting with the members of the Committee on international relations, foreign economic relations, foreign investments and tourism of the upper house of the Uzbek parliament. The parliamentarians of the two countries met in the South Kazakhstan border town of Sarygash.

The senators of Kazakhstan and Uzbekistan presented their respective proposals for improving customs regulation, increasing trade turnover, enhancing cooperation in tourism, RIA Novosti reported.

«It is essential not only to stimulate the development of tourism in Kazakhstan and Uzbekistan, but also to provide incentives for increasing tourist inflows to our countries from distant foreign states who would want to see all the sights of Central Asia during the same trip, and this requires establishing a common visa policy», Nazarbayeva said.



The senator presented the idea of setting up an Asian version of Schengen – «Silk visa». She also encouraged the harmonization of customs procedures, based on the use of modern digital technology and advanced computer systems.

«It is necessary to establish a transparent, open and friendly border regime, relations in all areas will be settled in a harmonious way then», she noted.

In Soviet times, Uzbekistan was known as a country with significant potential for an expanded tourism industry.

capacities for innovation and development within the industry.

Uzbekistan has expended much efforts and resources on setting up a modern tourism infrastructure. It must be said that the work in this direction is continuing.

With regard to tourist attractions, the country has much to be proud of. The Central Asian nation's rich cultural legacy is reflected in its arte-facts of the past, its literature, philosophies, art and music. According to a handbook for the tourism sector, Uzbekistan is one of the top ten countries in the world in terms of tourist attractions and historical monuments.

In Kazakhstan, the situation is somewhat different. For the time being, tour-

ism is not a major component of the Kazakhstan economy.

Guardian, in an article by Joanna Lillis entitled «Summer holiday in Kazakhstan? Astana eases visa restrictions to attract tourists» and published on 17 July 2014, said: «The Central Asian state has plenty to offer travellers, from tours designed to highlight the natural beauty of its mountains, lakes and deserts to more off-beat itineraries, including space tourism at the Baikonur cosmodrome and a visit to a Soviet-era gulag prison camp. Despite all the options, the tourist industry in Kazakhstan is hugely under-developed». According to the author, factors hampering an increase in tourist visits are said to include high prices, «shabby infrastructure», «poor service» and the logistical difficulties of travel in a geographically enormous, underdeveloped country.

As of 2016, the sector has accounted for 1% of Kazakhstan's GDP, yet the Kazakh government has plans to increase it to 8% by 2025. According to the World Economic Forum's Travel and Tourism Competitiveness Report 2017, travel and tourism industry GDP in Kazakhstan is \$3.08 billion or 1.6 percent of total GDP. The WEF ranks Kazakhstan 81st in its 2017 report, which is four positions higher compared to the previous period. The country received 6.5 million tourists in 2016. But changes are expected to occur in this sector of Kazakhstan's economy.

МӘДЕНИЕТ&SPORT

МӘНГІЛІК ЕА

Ұрпақ биіктерге қарап бой түзейді

Ақтөбеде «Бақытты бала» жобасы жан-жақты жүзеге асуда

> [11]

Ағымдағы жыл облыста Балалар жылы болып жарияланып, осы орайда жергілікті әкімдік «Рухани жаңғыру», «Туған жерге тағзым» бағдарламалары аясында «Бақытты бала» жобасын жасаған.

Елбасы жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесін ерекше назар аударып келеді. Бұл ретте ел дамуына елеулі үлес қосатын жас ұрпақты қалыптастыру мақсатында балалардың өзекті проблемаларын шешуге мүмкіндік беретін іс-шаралар жалғаса берсін. Бұл бағытымен бері Ақтөбе облысында 600-ге жуық іс-шара өткізілген, әлеуметтік, спорттық және мәдени нысандар салынған. Жазғы демалысқа арналған тиімді шаралар қабылданып, мүгедек балаларға ерекше көңіл бөлінуде. Аз қамтылған отбасылардан шыққан, мүмкіндігі шектелуі балаларға, республикалық және халықаралық олимпиадалардың, жарыстар мен байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне білім беру-сауықтыру лагерлеріне және әлеуметтік жасауға қолдама беріледі.

Ағымдағы айдан бастап өңірде Қазақстандағы тіпті ТМД-дағы жалғыз инклюзивті лагерь жұмыс істей бастады. Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында облыста жұмыс сапарымен болған Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова жыл бойы инклюзивті «Күншұақ» лагерінде болды. Мұнда мүмкіндігі шектелуі балаларға арналған қайырымдылық акци-



оны асына алып беретін отбасылар болғандығына назар аударып, соңғы жылдары жағдай өзгергеніңді. Мемлекет басының тапсырмасымен белгілі бір заңдар қабылданып, стандарттар жасалып жатқандығы айтып.

«Бақытты бала» өңірлік жобасы аясында бой көтерген «Күншұақ» лагері Алта ауданының Бестамақ ауылынан 3 шақырым жерде орналасқан «Ақбөбек» жазғы лагері жа-

нынан құрылды. 1964 жылы Алта балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналып салынған бұл лагерь олардың санын азынына байланысты соңғы жылдары бос тұрған еді. Енді демалыс айымында 8 тұрғын үйі қорпысы, асхана, клуб, монша, спорт алаңдары, басқа да ғимараттар бар. Барлық нысандар қалына келтірілген. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды коррекциялық қолдаумен, жазғы демалыспен қамтамасыз ету және сауықтыру үшін барлық жағдай жасалған. Быыл «Күншұақ» лагерінде 650 бала демалыда деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ мұнда

Димаш Құдайбергелінің қатысып, қолдауымен өтуі. Қазақстанмен қатар, Ресей, Украина, Өзбекстан және Грекия елдерінен келген жас музыкалық дарындар қатысқан «Baқыtты Бала-2018» тұңғыш халықаралық эстрадалық ән байқауы жаңа есімдерді тапты. Облыс әкімдігінің, «QAZAQSTAN» республикалық телеарнасының қолдауымен «ДимашАли» шығармашылық орталығы ұйымдастырған фестиваль қатысушылардың орындаушылық шеберліктерін жетілдіруді, вокал өнерінің үздік дәстүрлерін дамыту мақсат етеді.

Байқаудың бас жүлдесін бірден екі қатысушы иеленді. Олар – ақтөбелік Нарғиз Жанұзақова мен Оралдан келген Ержан Максим. Жеңімпаздардың әрқайсысына 1 миллион теңгеден берілді. Сондай-ақ Нарғиз «Славян базары-2015» халықаралық байқауының жеңімпазы, «Singer-2017» финалисі, «MTV Music Awards» сыйлығының иегері Димаш Құдайбергелінің атаулы жүлдесін жеңіп алды. Осылайша ол Димаштың әлемдік сапарына қатысады. Гапа-қонтыру өнер көрсеткен Димаш қатысушылардың барлығына ағылсын білдіріп, туған жеріне денг ыстық сезімін жеткізді.

Конкурстың басқа да лауреаттары 500 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық алды. Олардың қатарында өз елімізбен қатар, Ресей, Өзбекстан, Грекиядан келген өнерпаздар бар. Барлық қатысушыға ұйымдастырушылар мен демеушілер атынан бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Облыс әкімі Бердібек Сапарбаев байқаудың барлық қатысушысына ағыл айтты. «Baқыtты Бала» фестивалі жыл сайынғы оқиға және өңірдің нағыз брэндіне айналғанын жеткізді.

— Байқау алғаш рет өткізіліп тұр, бірақ соңғы рет емес. Біз Ақтөбеде жыл сайын дәстүрлі түрде «Baқыtты бала» халықаралық байқауы өтетін болады деп шешті. Біз жас таланттарды қашанда қолдайтын боламыз. Қымбатты балалар, бізге сыйлаған мерекелеріңіз үшін рахмет. Әрқайсысыңызға Димаштың шығармашылық жолын берсін деп тілеймін, — деді облыс басшысы.

Ол сондай-ақ өзге елдерден келген қонақтарға және ұйымдастырушылардың барлығына байқауы жоғары деңгейде өткізілгендері үшін алғыс айтты. Сондай-ақ облыс әкімі көрермендер арасында елімізге байқауды тамашалау үшін Жаңа Зеландиядан келген Анита Рай Уордтың отырғанын атап өтті. Ол төртінші деңгейлі экология ауруына қарамастан Қазақстанға мүгедектер арбасымен жолға шыққан.

Байқаудың финалдық концерттік бағдарламасына әлемдік музыкаға жаңа деп әкелген дара Димашпен қатар, украиналық «Голос. Діті. 2017» вокалдық байқауының жеңімпазы Данияла Төлешова, Вітєбєлскіє «Славянскіє базар-2015» халықаралық фестивалінің бас жүлде иегері Лора Нұрқатова, армян әншісі Дурдан Аракелян, өз ғимнасты Анастасия Дилуц қатысты.

Қазылар алқасы да Қазақстан, Өзбекстан, Украина және Түркия елдерінің қасиби әртістерінен құралды. Ән байқаудың 20 елден келген 420 жас музыка таланттары қатысты. Қашықтан іріктеу айналдырып 20 бала өтті. Шараның белгілерінің дені жетім және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға берілді.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ

Саладағы оң өзгерістер

Бюджетті орындау үдерісі кезінде алдымен тауарларды, қызметтер мен жұмыстарды жеткізудің анықталу алу мақсатымен мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілетіні белгілі. Тіпті, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін дер кезінде және сапалы жүргізу кезінен бюджет қаражатын тиімді игеруге ықпал етеді.

Осыған орай, мемлекет Қазақстан Республикасында жүргізілетін мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жетілдіруге және салалық заңнамда бекітілген мемлекеттік сатып алу қандаларын барынша тиімді жүзеге асыруда ұйымдастыруға баспа назар аударып келеді.

Баршаныңа белгілі, 2016 жылдан бастап жаңа редакциядағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң қолданысқа енгізілген. Бұл құжат енді мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығын арттыруға және бизнестің мүдесін қорғауға бағытталған. Бұл ретте, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін одан әрі жетілдіру және ашықтығын арттыру мақсатында 2018 жылдың басынан бастап Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру ережелерін біртұтас оң өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер негізінен құрылыс саласындағы мемлекеттік сатып алуларға қатысты.

Сонымен, Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру ережелеріне енгізілген түзетулер мынадай: 1) Құрылыс саласындағы мемлекеттік сатып алуларға қатысушыларға қойылатын талаптарды жеңілдету. Енді құрылыс-монтаж жұмыстарына және жобалауға тиісті лицензиясы бар қатысушылар материалдық және еңбек ресурстарына не екенін рас-

тайтын құжаттарды ұсынуына болады;

2) Егер де конкурстық баға ұсынысы конкурста бөлінген бағадан төмен болған жағдайда (40%-дан жоғары), құрылысқа қатысу жоқ жұмыстар бойынша демпингті баға қою;

3) Жұмыс тәжірибесі бойынша критерийлер қою үшін шекті мөндерді төмендету.

Айта кетерлігі, көптеген жылдар бойы құрылыс саласындағы сатып алулар бойынша берілген алулар кезінде сыйбалас жемқорлық тәуекелін төмендету және рәсімдерді жеңілдету мақсатында енгізілді. Сондай-ақ, құрылыспен айналысатындар бұдан былай өз біліктілігін екі рет дәлелдеуге мәжбүр болмайды.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамадағы жаңа өзгерістер мемлекеттік сатып алуларға қатысушылар үшін де, осы саладағы үкіметтің органның қызметі үшін де айтарлық тиімді деп санаймыз. Өйткені, бұдан былай материалдық және еңбек ресурстары бойынша біліктілік талаптарына сәйкессіздік деген себеппен өтініштері негізсіз кері қайтаруға жол берілмейді.

Сонымен, заңнамаға енгізілген өзгерістер әлеуетті жеткізудің мемлекеттік сатып алуларды жүргізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру, әлеуетті жеткізудің арасындағы алаң бөсекелестік, сыйбалас жемқорлыққа жол бермеу сияқты мемлекеттік сатып алулардың негізгі қағидаларын жүзеге асыруға ықпал етпек.

зия ғана материалдық және еңбек ресурстарына иелікті растайтын құжат болып саналады. Біліктілік талаптарын жаңа алу келісімшарттарының көшірмесін, техникалық куәліктерді, т.б. ұсыну жолымен растау тәртібі жойылды. Бұның өз құрылыс саласындағы сатып алуларға қатысуға өтініш беру мерзімін және дәйірлық үдерісін едәуір жеңілдетеді.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген жаңа өзгерістер құрылыс саласындағы мемлекеттік сатып алулар кезінде сыйбалас жемқорлық тәуекелін төмендету және рәсімдерді жеңілдету мақсатында енгізілді. Сондай-ақ, құрылыспен айналысатындар бұдан былай өз біліктілігін екі рет дәлелдеуге мәжбүр болмайды.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамадағы жаңа өзгерістер мемлекеттік сатып алуларға қатысушылар үшін де, осы саладағы үкіметтің органның қызметі үшін де айтарлық тиімді деп санаймыз. Өйткені, бұдан былай материалдық және еңбек ресурстары бойынша біліктілік талаптарына сәйкессіздік деген себеппен өтініштері негізсіз кері қайтаруға жол берілмейді.

Сонымен, заңнамаға енгізілген өзгерістер әлеуетті жеткізудің мемлекеттік сатып алуларды жүргізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру, әлеуетті жеткізудің арасындағы алаң бөсекелестік, сыйбалас жемқорлыққа жол бермеу сияқты мемлекеттік сатып алулардың негізгі қағидаларын жүзеге асыруға ықпал етпек.

Ербол ТУРСЫНБЕКОВ,
Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті мемлекеттік сатып алу аудиті бөлімінің басшысы

Бақылау шаралары тұрақты жүргізіліп отырады

Қаржы министрінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарасты Алматы қаласы мемлекеттік аудит жөніндегі департаменті Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы сақтау бойынша мемлекеттік аудит жөніндегі үкіметтің органы саналады.

Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадғы №598 жарлығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу ережелері негізінде камералдық бақылау жүргізуін тәртібі анықталған. Оның мақсаты – заңбұзушылықтарын дер кезінде анық алу және болдырмау, мемлекеттік аудит нысанына камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетімен жою құқығын сендеріне мемлекеттік аудит нысанына түсетін өкімшілік жүктемені азайту.

Алматы қалалық мемлекеттік аудит департаменті тұрақты түрде бақылау шараларын жүргізіп отырады. Осындай шараларды жүргізу кезінде конкурстық құжаттаманы әзірлеу кезіндегі бұзушылықтар анықталды. Мәселен, мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастырушылар/тапсырыс берушілер конкурстық құжаттамаға шектен тыс шарттар қосуды, бұл шарттар мемлекеттік сатып алуларды құқықтық реттеу

қағидасына, әлеуетті жеткізудің мемлекеттік сатып алулар рәсімдеріне қатысуға тең мүмкіндіктер беру қағидасына қайшы келеді.

Сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзған тапсырыс беруші/ұйымдастырушылар тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету бойынша келісімшарттық міндеттемелерді орындауға ақыла сыймайтын мерзім – 15 күнтізбелік күннен кем уақыт береді, сөйтіп мемлекеттік сатып алуларға қатысушылардың санын шектейді. Бұл жағдайта аталған сатып алуларға алынған алайындалған, конкурстық құжаттамала көзделген шарттарды орындауға даяр жеткізудің жеңімпаз деп танылады.

Сондай-ақ заңнамадағы тиым салуларға қарамастан, конкурстық құжаттамала тауарлық белгілерді, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларды, патенттерді, пайдалы үгіздерді, өнеркәсіптік үгіздерді, тауардың шығу тегін және өндірілуін мекенжай мен атауын, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, қызметтің жекелеген жеткізудің тиесілігін анықтайтын өзге де сипаттамаларды көрсету шарттары қойылды.

Міне, осындай мемлекеттік сатып алуларға қатысты бұзушылықтарды анықтау нәтижесінде Алматы қалалық мемлекеттік аудит департаменті мемлекеттік ауд-

дит нысандарына камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою, конкурстық құжаттамаға өзгерту енгізу немесе конкурсты алып тастау туралы хабарлама рәсімдел жібереді.

Айта кетерлігі, камералдық бақылау бойынша іс-шараларды енгізудің және үкіметті органның дереу шара қабылдауының арқасында мемлекеттік сатып алу бойынша тапсырыс беруші/ұйымдастырушылар жол беретін бұзушылық фактілері азайды. Өйткені, мұндай заңбұзушылықтар қаражатты дер кезінде игермеуге әкеп соғады, ал камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны мерзіміне орындау мемлекеттік аудит нысандарының банк есепшоттары (корреспонденттік шоттары қоспағанда), қазынашылық органдарында ашылған қолтаңбы мен есепшоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға әкеп соғады. Сондай-ақ жуықтамыз тұлғалар Қазақстан Республикасының өкімшілік құқықбұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес өкімшілік жазаға тартылды.

Бақытжан БӨГЕМБАЕВ,
Алматы қаласы мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары

ХАБАРЛАНДЫРУ

«SATCOM Corporation» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН:180140008698, өз жұмысын тоқтататындығын хабарлайды. Шағымдар болған жағдайда жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай көлемінде төмендегі мекенжай бойынша қабылданады: КР, 050057 Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 42-үй.

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ
Құрылтайшы және шығарушысы: «ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
Бас директоры – Редакторлар кеңесінің төрағасы ШЫМДИН ПАТТЕЕВ
Қайырымдылығы: 272-87-30
Жарнамалық бөлімі: 267-00-44
www.kazgazeta.kz
E-mail: kaz_gazeta@mail.ru

ТЕНГЕ MONITOR
Бас редактор Ақат ТАЖИТОВ
Бас редакторлар орындарына – жұрттың отаны Аманжол ШОПАН
Бөлім редакторлары: Рымтай САҒЫНБЕКОВА, Ботагөз ӨБДІРАЙҚЫЗЫ, Аизат ҚАМБАРОВ
Бетшегі: Ериар ОРМАНОВ
«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдері:
Астана қаласында: Топымбек Әбдірайым 8 701 345 79 38
Ақтөбе облысында: Жанғыл Қайыпбаев 8 717 769 63 22
Маңғыстау облысында: Бектр Тәуелжанов 8 (7292) 40-41-01
Қарағанды облысында: Батырбек Мырзалиев 8 (7102) 90-19-73
Газеттің тиімді мен бет қатпауы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның көпмүлкілі орталығында жасалды. Орфсет басылды.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
АЛШАНОВ Раман
ӘБДИМАНАПОВ Сарсенали
ӨШІНБЕ Әли
БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетісбай
ГІЛӨЗСІНІ Пәтер
(Польша)
ІСПОЛОВ Платекс
ҚАЛИЕВ Габи
НҮРСЕЙІТ Айтқали
САҒАДИЕВ Кенжеғали
САПАРБАЕВ Әбдіжапар
САТЫБАЛДИН Сағандық
СӨЛТӨВ Серік
ТАЛПАНОВ Әбдісәліт
ТЕМІРБЕКОВ Нұржан
ХАМИН Жантемір
Талпыры: 1220.
Телефоны: 5000.
Газетті атысына 1 рет шығарды.
Газет: «Рубль» ЖШС-нда басылды.
Алматы қаласы, Ш.Қардақов көшесі, 17-үй.
Тел.: 273-12-04.

Мекен-жайы:
050013, Алматы қаласы,
Жетісу көшесі,
175-3-қабат,
263-Бөне (Польша)
Тел.: 272-87-30
219-Бөне (Беларусия)
Тел.: 267-36-11
факс: 272-86-11
E-mail: kazekonomika@mail.ru
www.kazgazeta.kz
Индустриалды және
Рымтай САҒЫНБЕКОВА